8 слайд. «Тайная вечеря» – фреска на стене монастыря Санта-Мария-делле-Грацие. На фреске изображен последний ужин Иисуса Христа со своими учениками (апостолами), во время которого он сообщает о том, что один из учеников его предаст.

Самые известные работы



«Мона Лиза» – портрет
госпожи Лизы дель
Джоконды. 1503-1505

По мнению Н.В. Лазарева
улыбка Джоконды
построена на тончайших
математических
измерениях.

9 слайд. Перед нами самая известная и загадочная работа художника «Мона Лиза» – портрет госпожи Лизы дель Джоконды. По мнению Н.В. Лазарева улыбка Джоконды построена на тончайших математических измерениях. Данная работа является ярким примером использования приема sfumato. Сfumato – прием живописи, при котором контуры расплывчаты, на предметах лежит мягкая тень. Создается эффект дымки.



10 слайд. Изобретения Леонардо да Винчи: подшипник, парашют, водолазный костюм, бронированный танк, «пулемет», робот-рыцарь, воздушный винт и дельтаплан.

Знаете ли вы, принципы работы данных механизмов и устройств?

(Ответы детей)

Хорошо, а теперь познакомимся с каждым изобретением поближе.

Подшипник – основа подвижного механизма. Позволяет вращаться приводным валам. Такие подшипники, например, используются в устройстве автомобиля, позволяя вращаться колесу, при этом, не создавая сильного трения

Для облегчения понимания принципа работы подшипника на слайде используется анимированное изображение шарикоподшипника.

Парашют – устройство, позволяющее человеку «упасть с любой высоты без повреждений». Несмотря на то, что данный парашют отличается по форме от современных, со своей задачей он справляется на отлично.

Водолазный костюм был придуман для отражения вторжения судов. В такие костюмы предполагалось наряжать воинов и отправить их под воду затапливать вражеские суда, повреждая им днища.

Бронированный танк оснащен 36 орудиями по кругу, вмещал в себя и приводился в действие с помощью 8 человек. В чертежах данного устройства была допущена ошибка, скорее всего это было сделано специально, чтобы никто кроме автора не смог построить этот танк.

«Пулемет» представлял собой 3 доски по 11 мушкетов, собранных в треугольник. Когда одна стойка стреляла, вторая перезаряжалась, а третья остывала. Мощность огня при этом повышалась и создавалась непрерывность обстрела.

Робот-рыцарь – механизм, своими действиями повторяющий работу человека. Данный механизм был способен приподниматься и садиться, двигать руками и шеей.

Воздушный винт позволял поднять предмет вверх. Воздушный винт является аналогом вертолетного винта. Дельтаплан – летательный аппарат.

3. Заключительный этап

Закрепление нового материала

Итак, с творчеством какого художника мы познакомились сегодня на уроке? (Ответы детей)

Правильно, Леонардо да Винчи

Чем еще прославился Леонардо да Винчи? (Ответы детей)

Верно, Леонардо да Винчи прославился своими успехами в военной и гражданской инженерии, архитектуре, скульптуре, медицине, естественных, математических науках.

Что вы можете рассказать о технике и приемах живописи, применяемых Леонардо да Винчи? (Ответы детей)

Правильно. Леонардо да Винчи одним из первых стал использовать светотень, переход от густой тени к ослепительному свету. В своих работах он применял приемы сфумато – эффект дымки.

Какие картины написал Леонардо да Винчи? (Ответы детей)

Правильно. Это работы «Автопортрет», «Эскиз головы девушки», «Мадонна с гвоздикой», «Благовещение», «Мадонна в скалах», «Витрувианский человек», «Тайная вечеря», «Мона Лиза».

Какие особенности творчества Леонардо да Винчи мы можем выделить? (Ответы детей)

Верно. Леонардо да Винчи всегда уделял большое внимание дальнему плану картин, изображая на нем детально проработанный пейзаж.

Что изобрел Леонардо да Винчи? (Ответы детей)

Верно. К его изобретениям относятся: подшипник, парашют, водолазный костюм, бронированный танк, «пулемет», робот-рыцарь, воздушный винт и дельтаплан.

Подведение итогов

Молодцы, ребята, сегодня на занятии вы хорошо поработали. Отдельно хотелось бы выделить следующих учеников: перечисление детей, активно работающих на уроке.

ТЕМАТИЧЕСКИЙ ПЛАН ИСТОРИЯ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

II курс
Количество часов за неделю 1 час
I полугодие количество часов 16;
II полугодие количество часов 18;

I полугодие			
№	Тема	Кол-во часов	Практическое задание
I	Вводная беседа – 1 час. 1. Задачи предмета на II курсе. 2. О требованиях к работе над сообщениями и рефератами. 3. О проведении зачётного урока.	1 час	1. Письменное изложение плана работы по предмету. 2. Наглядное изучение работы над рефератом, распределение тем для сообщений.
II	Средневековое искусство в западной Европе – 2 часа. 1. Романский стиль. 2. Готический стиль.	1 час 1 час	1. Работа с наглядным материалом. 2. Ведение конспекта лекций. 3. Домашняя письменная работа над сообщением и устное его изложение.
III	Эпоха Возрождения в Италии – 1 час. 1. Социально-экономические предпосылки Возрождения. 2. Основные принципы Возрождения. 3. Три этапа в развитии искусства Возрождения.	1 час	1. Работа с репродукциями. 2. Ведение конспекта лекции. 3. Сообщение.
IV	Переход от Средневековья к эпохе Возрождения – 1 час. 1. Джотто – предвестник нового искусства. 2. Серия фресок в Капелле дель Арена в Падуе.	1 час	1. Сравнительный анализ работ Джотто по репродукциям. 2. Сообщение. 3. Конспектирование урока.
V	XV век – «Лето» Ренессанса. «Три кита» Возрождения - 3 часа. 1. Брунеллески – архитектор. Разработка основных принципов сооружений палаццо. 2. Донателло – реформатор итальянской скульптуры. 3. Живописец Мазаччо.	1 час 1 час 1 час	1. Работа с ТСО (показ видео-кассеты). 2. Ведение конспекта. 3. Письменный анализ творчества Брунеллески, Донателло, Мазаччо.

№	Тема	Кол-во часов	Практическое задание
VI	Современники Леонардо – 2 часа. 1. Андреа Верроккьо – скульптор и живописец. 2. Самый лиричный художник Возрождения Сандро Боттичелли.	1 час 1 час	1. Работа с наглядным материалом. 2. Ведение конспекта. 3. Домашняя работа над сообщением.
VII	Леонардо да Винчи учёный и художник – 2 часа. 1. Природа – источник вдохновения Леонардо. 2. Леонардо – великий механик и инженер. 3. Живопись, как средство познания мира.	1 час 1 час	1. Работа с ТСО. 2. Прослушивание докладов. 3. Конспектирование.
VIII	Творчество Рафаэля Санти – 1 час. 1. Ранние произведения Рафаэля. 2. Цикл росписей парадных залов (станц) Ватиканского дворца. 3. Самое совершенное произведение Рафаэля «Сикстинская Мадонна».	1 час	1. Работа с репродукциями. 2. Ведение конспекта. 3. Сообщение.
IX	Мастер Высокого Возрождения Микеланджело Буонарроти – 2 часа. 1. Начало кризиса эпохи Возрождения. 2. Статуя Давида. 3. Роспись плафона Сикстинской капеллы в Ватикане.	1 час 1 час	1. Работа с ТСО (показ видео-фильма). 2. Конспектирование. 3. Повторение пройденного материала.
X	Зачётный урок – 1 час. Проверка знаний, полученных за полугодие.	1 час	1. Опрос по репродукциям. 2. Тестирование.
II полугодие			

№	Тема	Кол-во часов	Практическое задание
XI	Северный Ренессанс. Творчество Питера Брейгеля Старшего – 1 час. 1. Временные и территориальные границы Северного Возрождения. 2. Пейзаж и сюжетные композиции в творчестве Брейгеля.	1 час	1. Работа с наглядным материалом. 2. Ведение конспекта. 3. Подготовка сообщения.
XII	Немецкое Возрождение. Альбрехт Дюрер – 1 час. 1. Дюрер – основоположник немецкого Возрождения, живописец, гравёр, теоретик. 2. Серия мастерских гравюр. 3. Теоретические труды Дюрера	1 час	1. Работа с наглядным материалом. 2. Ведение конспекта. 3. Подготовка сообщения.
XIII	Испания XVI века. Творчество Эль Греко – 1 час. 1. Эль Греко – величайший мастер колорита. 2. Выражение внутренних трагических конфликтов личности с обществом.	1 час	1. Краткий письменный обзор. 2. Работа с наглядным материалом. 3. Прослушивание сообщения.
XXI	Великий реалист XVIII века Жан Батист Симеон Шарден – 1 час. 1. Параллельное существование стиля реализма и рококо. 2. Характеристика стиля «реализм». 3. Центральная тема Шардена – натюрморт. 4. Жанровая живопись Шардена.	1 час 1 час	1. Демонстрация репродукции. 2. Краткий письменный обзор. 3. Подготовка сообщения на тему «Французский реализм на примере творчества Ж. Шардена».

№	Тема	Кол-во часов	Практическое задание
XXII	Революционный классицизм в творчестве Жака Луи Давида – 1 час. 1. Давид – основоположник революционного классицизма. 2. Влияние древнеримской истории, античного искусства на творчество Давида. 3. Первый живописец императора Наполеона. 4. Работа Давида в изгнании.	1 час	1. Работа с репродукциями. 2. Ведение конспекта. 3. Сообщение по теме «Революционный классицизм Давида».
XXIII	Искусство прогрессивного романтизма – 1 час. 1. Творчество Теодора Жерико. 2. Творчество Эжена Делакруа.	1 час	1. Работа с наглядным материалом. 2. Ведение конспекта. 3. Подготовка сообщений.
XXIV	Реализм XIX века во Франции – 2 час. 1. Пейзажист Камиль Коро. 2. Сатирическая графика художника Оноре Домье. 3. Поэт крестьянского труда – Франсуа Милле.	1 час 1 час	1. Работа с репродукциями. 2. Краткий письменный обзор – конспект. 3. Подготовить сравнительный анализ творчества французских художников XIX века реалистического направления.
XXV	Импрессионизм. Краткая характеристика новых направлений конца XIX – начала XX века – 2 часа. 1. Характеристика стиля. 2. Творчество Клода Моне. 3. Портрет в творчестве Огюст Ренуара. 4. Камиль Писарро 5. Эдгар Дега 6. Постимпрессионизм, модерн, абстракционизм.	1 час 1 час	1. Работа с наглядными материалами. 2. Ведение конспекта по теме. 3. Анализ творчества художников – импрессионистов. 4. Обзорный конспект по теме.

№	Тема	Кол-во часов	Практическое задание
XXVI	Зачётный урок – 1 час. 1. Устный опрос. 2. Письменный опрос.	1 час	1. Повторение по пройденному материалу. 2. Анализ стилей по репродукциям. 3. Тестирование.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ДАҒЫНДАУДАҒЫ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мараймова Ақбота Үкіметқызы
Шымкент қалалық Балалар көркемсурет мектебіне қарасты
«Арт Шайн» аула клубының меңгерушісі
«Домбыра» үйірмесінің мұғалімі

Дарындылық қабілеті бар баланың бойындағы бейімділігін танып, қабілетін ұштау кез-келген мұғалімнің міндеті. Оқу-тәрбие ісінде басты тұлға оқушы болса, сол оқушыға бағыт-бағдар беретін – мұғалім. Қоғамымыздағы күн сайынғы болып жатқан жетістіктер мұғалімнің саяси сауатты, жан-жақты білімді, өз бойындағы білімді, өнерді оқушы бойына еркін ұялата білген білімді де, білікті, шебер болуын талап етеді. Оқушы мектепте жалпы білім алып жатса, сабақтан кейінгі уақытта үйірмелерге келіп, өнерін шыңдайды. Ал қосымша білім беру педагогы оларды жаңа идеялары мен болжам ұсыныстарына мән беріп, қабілетіне қарай ізденулеріне мүмкіндік туғызу қажет.

Қазіргі уақытта елімізде балалардың дарындылығын анықтап, шығармашылығын дамытуға арналған қосымша білім беру мекемелері, Арт студиялар саны көбейуде. Бұл қунарлық жай болғанымен, кейбір мектептер мұндай жауапкершілікке дайын еместігін, яғни талап деңгейінен танылмай отырғанын айтуды атап өткім келеді. Баланың болашағына қатысты мәселелерді бизнеске, «науқанға» айналдырмауымыз қажет.

Үйірмеге келген әрбір оқушы «Мен қызықты іспен айналысамын, үйренемін, игеремін» деп келеді. Ал үйірме жетекшісі әрбір оқушыға өзінің жоғары мәдениетімен, жоғары білімімен, шеберлігімен қызықтыра алса, онда оқушыға өнер, біліммен қоса болашақ мамандықтың дәнін себетін едік. Дәріс берген мұғаліміне «Менің ұстазым» деп мақтанышпен айтатын оқушы өзі де нағыз домбырашы, әнші, суретші, спортшы болуға талпынады.

Барлық мектептерде дарынды, талапты, талантты, қабілеті жоғары оқушылар баршылық. Бұл кезекте оқушы қызығушылығын арттырып, дарындылығын ашу мұғалім қабілеті мен шеберлігін, білімділігін талап етеді.

Дарынды және қабілеті жоғары оқушыларды анықтауда мынандай қадамдарға сүйенген дұрыс:

1. Қабылдау қабілеті;
2. Алған білімін шоғырландыруы;
3. Өз білімі мен қабілетін шыңдауға, толықтыруға, ізденімпаздыққа қабілеті;
4. Өз жұмысын дұрыс бағалай білуі;
5. Лидерлік қабілеті, адамгершілік қасиеті;
6. Ақпараттық қабілеті және шеберлігі басым қабілетті тұлға;

Ал, қосымша білім беру педагогы өз жоспары бойынша мынандай талаптарға жауап беруге тиіс:

1. Педагогикалық-психологиялық білімді;
2. Теориялық және практикалық, шығармашылық, ғылыми жұмыстарды жоспарлауға қабілетті;
3. Өз пәнін жетік меңгерген маман, шығармашыл ұстаз;
4. Оқушының дарынын байқап, сол баланың талантын шыңдауда жүйелі жұмыс жасайтын білікті маман.

Оқушы қызығушылығы мен қабілетін арттыруда, дарынды және қабілетті оқушыны анықтауда және жұмыс жасауда ұзын сонар жоспар жасаудың қажеті жоқ, қағазбастылықтан гөрі іске көшіп, баламен жұмыс жасауға көбірек уақыт бөлген дұрыс. Нақтылық пен білімділік, сауаттылық, ақпараттық сауаттылық пен мәдениеттіліктің сақталуына көңіл бөлуіміз қажет.

Мектепте оқушылардың музыкалық өнер, оның ішінде домбыра үйрену арқылы қалыптастыру - барлық оқу-тәрбие үрдісінде маңызды орын алады және оған көп көңіл бөлінеді. Ол тек қана адамның эстетикалық талғамын ғана дамытып қоймай, сонымен бірге жеке тұлғаның тұтастай дамуына: рухани қажеттілігін, адамгершілік мұраттарын, патриоттық сезімі, жеке және жалпы ұғымдарының, көзқарастарының дамуына әсер етеді.

Адамның эстетикалық тәрбиелілігі табиғи күштер дамуы, қабылдау қабілеті, эмоциясы, ойлау және көркемдік эстетикалық білімділігі бірлігіне негізделеді. Бұл бағытта үйірме жетекшілері үнемі ізденіспен жұмыс атқаруы керек.

Оқушыларды дәстүрлі халықтық өнерге тартуда домбыра үйірмесінің жұмысы маңызды рөл атқарады. Осы үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық белсенділіктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, оқушылардың таланты мен қабілеттерінің қалыптасуының кепілі бола алады. Үйірме жұмысының нәтижелерін өткізілетін концерттерден байқауға болады.

Осы үйірме арқылы, оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмын.

Менің ізденістерім – балаға домбыра аспабын тез әрі оңай меңгеріп шығу тәсілі. Сондай тәсілдің бірі сандық әдіс. Балаға оңай, әрі тиімді. Бір шығарманы аз уақыт ішінде тез үйреніп, ойнап шығады. Бұл әдісті өтуде Жүмекен Шәжімеденовтың «Домбыра ойнау оңай ма?» атты әдістемелік кітабын пайдаланамын. Арнайы үйрету әдістемесі қасиетті қара домбыраны әлемнің қай түкпірінде отырып, қай ұлттың өкілі де өз бетінше үйрене алатындығына кепіл болатын басылым.

Сонымен қатар бұл кітап – музыка пәнінің мұғалімдеріне қосымша әдістемелік ретінде таптырмас құрал.

Меніңше, әрбір сабақты тиімді ұйымдастырып, оны оқушылар зерікпейтіндей етіп өткізу керек. Оқушының сол уақытта ғана үйірмеге деген қызығушылығы артып, тіпті нашар оқитын оқушының бойында да бір қозғалыс болатынын байқадым. Өз әдістерімде қосымша әдебиеттерді, жаңа ақпараттық технологияларды, әлем журналдарын, интернет ақпараттарын кең пайдаланамын.

Үйірме жұмысында бұл әдістер оқушыларды қызықтырады, әрі домбыраны тез меңгеріп шығады. Қазір балалар арасында домбыраға деген қызығушылық өте жоғары. Алдағы уақытта балаларды үлкен сахнаға, байқауларға шығарамын деген жоспар бар. Бұл жас таланттың әрі қарай қанат жаюына үлкен жол ашады. Байқауларға қатысып, жүлделі орындар алып жүрген балалар да бар.

Шәкірттерімнің әлі талай жетістіктерге жетіп, шығармашылық шыңынан көрінеріне сенімдімін.

М. Фуллах айтқандай: «Бұл өмірдің ең басты мысқылы: мектеп сабақ беру мен оқыту әрекетімен өмір сүреді, дегенмен оқыту үрдісі тым қиын жағдайда болды. Егер олар осы сұрақтарды шешудің жолын тапса, онда олардың болашағы шешілед» - дегендей, әрбір мұғалім өз пәнін оқытуда педагогикалық және ақпараттық технологияны меңгерсе, өз жұмысын жүйелі, дұрыс ұйымдастыра білсе, дарынды бала, еліміздің атын танытар таланттыларын болашақта да шығара береді.

Дарынсыз бала болмайтынын еш естен шығармай, бала бойындағы жылт еткен сәулені жарыққа шығару әрбір ұстаздың міндеті.



ГРАФИКА. ЛИНОГРАВИУРА

Қадырқұлов Н. Х.

*«Кескіндеме, сурет, мүсін және сәулет
өнердің биік шыңы, барлық ғылымның
түп тамыры және кескіндеме түрлерінің
жанрлары руханиылықтың қайнар көзі»
(Микеланджело)*

Мақсаты: Бейнелеу өнерінің сурет салу әдіс тәсілдерін жаңғыра қайта көркейту. Суреттің кейбір тәсілдерін үйрену, графика (линогравюра) түрлерін сабақтар мен шығармашылық үйірмеде кеңінен заманауи тәсілдер мен құралдар арқылы сурет салу шеберліктерін дамыту.

Әрбір қоғамның тарихи дамуы мен өркендеуі сол елдің өнері мен мәдениетіне тікелей байланысты. Оған дүниежүзілік деңгейге кеңінен танымал біртуар туындыларымен өз Отандарын әлемге паш еткен Леонардо да Винчи, Микеланджело, Пабло Пикассо, Ә.Қастеев сынды тағы басқа құдіретті өнер иелерінің қас шеберліктері мен атақ даңқтары дәлел. Сондықтан да өз халқының өмір тарихын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын нақтырақ зерттеп білу үшін, оның сан-салалы өнерін оқып үйренудің маңызы зор. Бейнелеу өнері алуан қырлы да алуан түрлі. ХІХ ғасырға дейін сәулет өнері, мүсін өнері және кескіндеме өнердің басты бір үш түрі болып есептеледі. ХІХ ғасырдың аяғына қарай өнердің тағы бір түрі – графика өнердің дербес түріне айналды. Соңғы жиырма жылдықта өнердің дизайн сияқты түрі де өте айқын бейнесін тапты.

Гравюра алғаш рет Қытайда шамамен VI ғасырда пайда болды. Батыс Еуропада ол ХІІІ - ХІV ғасырларда шығып, ХVІ ғасырда кемеліне жетті. Көптеген график суретшілері қарындаш, акварель, тушь сияқты қолайлы әрі ыңғайлы материалды қолданған. Алғаш рет жұмсақ материалдардан орындалған гравюралар ХІХ – ХХ ғасырларда пайда болды, линолеумнің ойлап табылуы себеп болды.

Қазіргі замандағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі графиканың жеке түрі болғаны өткен ғасырдың 30-жылдарына жатады, олар орыс суретшілері Р.В.Велианова, В.И. Антощенко-Оленев, Н.Г. Хлудовтардың есімдерімен тікелей байланысты. (Ә.Қастеев Н.Г. Хлудовтың шеберханасында тәлім алған). Әбілхан алғашқы қазақ суретшісі, өзінің акварель, графикалық суреттері мен кескіндеме туындыларында қазіргі қазақ халқының тұрмысы мен салт – дәстүрлеріне арнаған. Екінші дүние соғысынан соң Москва мен Ленинградтан ЖОО –ның түлектері (Сахи Романов, Е.Сидоркин, Ю.Мингазитдинов және т.б.) келе бастайды. 50-ші жылдары олардың туындыларында бейнені терең зерттегендері анық байқалады. Мысал ретінде Е.Сидоркиннің қазақ халқ ертегісі «Көңілді алдампаздар» ға салынған иллюстрациялары бола алады. Осы дәуірдегі ең кеңінен таралған – линогравюра мен акварель (Ә.Қастеев, Е.Сидоркин, С.Романов). 1960 жылдардағы Қазақстан графиктерінің (А және Е. Бейсембиновтар, А.Рахманов, Б.Пак және т.б.) өнердегі халқтың дәстүрлі өнеріне деген қызығушылықтарын атап өтуге болады, қазақтардың өнерлері, солардың ішінде эпос, сәндік қолтанбалы өнері, ежелгі пластика.



Қазақ графика өнерінің бастауы тас дәуірі мен ата – бабаларымыздың рухына табынуға барып тіреледі. Жартастарға салынған сызықтық суреттер Балқаш, Түркістан, Маңғыстау өлкесінен табылған. Қазақстан суретшілерінің ұлттық графикаға қосқан үлесі зор. Еліміздің графика өнерін дамытып, сол салада жемісті еңбек етіп жүрген суретшілерден: И.Исабаев, Ә.Рахманов, М. Қисамединов, А.



Смағұлов, Б. Табылдиев, К. Баранов, Н. Гаев, В. Гурьев, Е. Сидоркин, Т. Ордабеков, Қ. Қаметов, В. Тимофеев, т. б. атауға болады.

Қазақстанның халық суретшісі (1980), Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер (1965) Евгений Матвеевич Сидоркин (1930 жылы 5 шілдеде дүниеге келіп, 1982 жылы 3 қыркүйекте Алматы қаласында қайтыс болған). Е.Сидоркиннің еңбектерінде өзіндік қолтаңбасы бар дарынды график суретші. Оның қазақтың халық ертегілеріне арналған «Көңілді алдампаздар» (1958), «Қазақ эпосы» (1959), атты иллюстрациялары оның есімін қазақ жұртына кеңінен танымалды.

Суретші график Е. Сидоркин 1963-64 жылдары «Қазақтың ұлттық ойындары» атты автолитографиялар топтамасын, «Сәкен Сейфулинді оқығанда» деп аталатын графикалық суреттерін жасады. Қазақ халқының тіршілік

болмысына, оның ішкі сыр-сипатына терең бойлаған бұл топтама суреттері 1965 жылы Лейпцигтегі көрмеде алтын медаль алды. «Ақсақалдар» (1959) атты автолитографиялық топтамасы мен М.О. Әуезовтың «Абай жолы» романына (1960) жасаған иллюстрациялары үшін Е.Сидоркинге 1970 жылы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілді. Суретшінің «Ғасырлар түнегінен» (1971-79) атты үлкен автолитографиялық топтамасы, М.Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» атты (1974-78) романына салған иллюстрациялары көрермендерден жоғары бағасын алды. Сонымен қатар Е. Сидоркин монументті сәндік өнер саласында жемісті еңбек етті. Ол Алматыдағы «Целинный» кинотеатрының фозсіне арнап көп қабатты түрлі-түсті сграфитто композициясын және суретші О.Богомолвпен бірге балалар фронтонының мозайкалық үлкен панносын жасаған.

Графикаға гравюралардың барлық түрлері де жатады, суреттерден айырмашылығы сол - оларды көп дана етіп көбейтуге болады. Графика суретшілер іс-әрекетінің өте кең және сан алуан шеңберін қамтиды. Кескіндемеден ерекшелігі сол, графикамен біз барлық жерде кездесеміз. Кескіндемесі аяқты графикаға да - портрет, натюрморт, пейзаж, тарихи, анималистік және т.б. жанрлар тән. Графика гректің «грапо» деген сөзінен шыққан, қазақша «жазамын», «сызамын», «суретін саламын» деген мағынаны білдіреді. Қарындашпен, қаламұш, тушьпен көмір, қылқалам немесе арнайы баспа машиналармен салынған сурет немесе гравюралар графикаға жатады. Ол бейнелеу өнерінің бір саласы болып табылады. Сызба өнері – бейнелеу өнерінің ішіндегі ең көне және жан – жақты дамыған түрі. Графика шығармаларына қарындашпен салынған суреттер гравюралар, кітап иллюстрациялары, газет суреттері, карикатуралар, плакаттар, кітап шрифтері, түрлі жарнамалар маркасы жатады.

Гравюра сөзі француздың – «ою», «нақыштау» деген сөзінен алынған.

Гравюра (қырма) – таңдап алынған тақта бетіне (ағаш, қатырма қағаз, линолеум, т.б.) арнаулы аспаптармен оймыштап сурет салу өнері. Сурет ойылған тақтаны да, одан көшірілген басылым суретті де осы атаумен атайды. Графикадасызықтар, штрихтар, ашық және қоңыр дақтардың арақатынасы жетекші маңызға ие болады. Графикадасызықтар, штрихтар, ашық және қара қоңыр дақтардың ара қатынасы жетекші маңызға ие болады. Графика өнерінің кейбір түрлерінде түстер де пайдаланылады, бірақ оның рөлі, әдетте, шектеулі, қызметтік дәрежеде ғана абылып қалады.

Графика орындалу тәсіліне, өзіндік ерекшелігіне байланысты бірнеше түрге бөлін еді.

- Офорт – металл бетіндегі гравюра. Металл бетіндегі гравюраның орындалу техникасы екі түрде болады. Олар: қышқылмен өңделіп жасалатын және қышқылмен өңделмей жасалатын түрлер.

- Ксилография - бұл графиканың ағашқа жасалған түрі (грекше xylo - кесілген ағаш, grapho – жазамын) деп атайды. Гравюра қатты да серпімді ағаш кесіндісіне ойылып

жасалады. Бұл гравюра штихель деп аталатын құрал көмегімен орындалады. Жұмыс кезеңі ұзақ уақыт жүріп төзімділікті талап етеді.

- Литография – арнаулы әк таста салынған гравюра түрі. Алдымен тас беті мұқият тегістеледі, содан кейін оған қою жұғатын литография қарындашымен не тушьпен сурет салады. Одан кейін сурет сүртіліп кетпейтіндей етіп; арнайы ерітіндімен шайылып өңделеді.

- Линогравюра дегеніміз линолиум пайдалану арқылы орындалған гравюра түрі. Мұнда таза линолиум бетіне дайындалған сурет салынып, штихель деген құралмен гравер жасалып, кейін баспа түрінде арнайы бояу көмегімен баспа жұмысы алынады.

Соңғы кезде компьютерлік графика – графиканың жаңа түрі пайда болды. Мұнда суретшілер қиылысқан сызықтардан, көлемді элементтерден, өрнек, түрлі түсті дақтардан монитор бетінде композиция жасап, одан кейін дайын болған бейнені принтер арқылы басып шығарады.

Линогравюра. Линогравюра жасау тәсілдері

Шебер-сыныбының әдістемелік өңдемесі көркемсурет мектептері, өнер мектептері шығармашылық пәндері мұғалімдерінің, жалпы білім беретін мектептерде бейнелеу өнері мен сызу пәндері мұғалімдерінің кәсіби –педагогикалық жетілдірілуіне, сонымен қатар осы кезеңде өзекті бастаушы суретшілерге арналған. Бейнелеу өнері сабағында әсіресе сурет сабақтарында бүгінгі күнде кейбір бейнелеудің жанрлары мен түрлері әлсіреп тежеліп қалып жатады. Сондықтан бүгінгі таңда бейнелеу сабақтарында, әсіресе сурет сабағында сурет салудың маңыздылығын арттыра, бейнелеудің кейбір түрлерін қайта жаңғыртып, оқушылардың жаңа талпыныс, шығармашылық күш алуына, ой өрісінің жетілуіне шебер-класстың тақырыбы өте маңызды. Орта арнаулы мектеп пен кәсіби шығармашылық мектептер мен лицейде сурет сабақтарында өтілетін шебер-сыныбының қажеттілігі сезіледі.

Міндеті: - графиканың сурет салудағы мүмкіндігі мол екенін көрсету;

- тыңдаушыларды құралдар мен жұмыстың негізгі әдісімен таныстыру;
- шығармашылық ой мен эстетикалық талғамының ашылуына көмек беру;
- графикалық жұмыстарды орындау кезеңінде ұқыптылықты үйрену;

Нәтиже: Шығармашылық ой бөлісе, сурет салудағы графиканың түрлілігін игеру, құралдардың көмегімен шығармашылық мүмкіндікті жетілдіру;

Линогравюрада қолданылатын құрал – жабдықтар



Линогравюра (фр. graver – ойып алу)– жоғары баспа тәсілі, техника жағынан ол ксилографияға ұқсап кетеді. Бейне линолеумде немесе басқа да полимерлік негіздеріндегі материалдарда ойып алынып, қағаз бетіне көшіріледі. Бұл техника алғаш рет XX ғасырдың басында пайда болған (суретшілер үлкен көлемдегі суреттерді ағаш тақтайдың орнына линолеумнен пайдалана бастаған кездерінен). Линолеум өте жеңіл ойылады,




ал ондағы орындалған сызықтар анық көрінеді. Линогравюраның иллюстрацияның басқа түрлерінен тиімділігі – бейнені өз қалпында бірнеше рет басып көбейтуге болады. Тұрмыстық линолеум Фактурасыз тұрмыстық линолеумнен пайдаланса болады. Штихелдермен жұмыс жасау барысында мұқият болу қажет, тәжірибесі бар болу керек.



Қашаулар (штихелдер)

Қашаулар (штихелдер) – бұл қол аспаптары, ол ағаш немесе де басқа материалдарда жұмыс жасауға арналған, оның ішіне линолеум де кіреді. Оның ұстағышы ағаштан, оятын бөліктері металдан жасалған. Металл бөліктері түрлі көлемді болып келеді:



Доға, жазық, түзу жазық, үшбұрышты қашаулар болып келеді.

Майлы бояулар

Линогравюраны басуда майлы бояулар орташа қою және тез құрғамайтын болуы тиіс.



Қолданылатын майлы бояулар:

- o Типографиялық бояу
- o Гуашь
- o Акрил

Валик

Валик майлы бояуды линолеумға жағуда қолданылады:

- o Түсқағазға және фотосуреттер шығаруда қолданылатын валиктер. Ол резиналы қатты болуы тиіс.



Қағаз

Тығыздығы кемінде 160г/кв.м қағаздар болады, сонымен бірге картон. Түрлі – түсті қағазда өте қызықты іздер келіп шығады. Линогравюраны мата мен ағашқа басып шығарса да болады.


Сығымдаушы құрал

Үй жағдайында баспаны алу үшін қасықпен, валикпен немесе оқтай тақтайдан қолданылады. Ал, шеберханаларда сықымдаушы құралдан пайдаланылады.



Линогравюра жасау тәсілі (2-ші видеоролик) Линогравюраны жасау әдәсі мұнда ең алдымен линолеум жуып тазартылып, сүртіп құрғатылған болуға тиісті, сурет әбден дайын болған кезде арнайы құралдармен /штихель деп аталатын қашаулармен /қиылады. Оның әдісі қарамен боялатын жерге тимейді де, ақпен боялатын жердің бір қабатын әбден қырнап алып тасталады. Сурет линолеумде ойылып шыққаннан кейін бетіне типография бояу жағылады, одан кейін үстіне қағаз төсеп, лино-

графия тақтасына апарып, тазге салып өткізеді. тезден өтіп, әбден дайын болған суретті отгискі деп атаймыз. Басқа бейнелеу өнерінен бұл гравюраның өзіндік айырмашылығы және ерекше қасиеті бар, яғни онда суретші бір ғана линолеумның өзінен қанша сурет керек болса, сонша суретті тезден өткізіп шығара алады. Линолеуммен жұмыс істегенде асықпау керек және өте мұқият болу керек. Мұнда эскизде кеткен қателіктер ғана түзеледі, ал штихелмен кесіп жатқанда қателіктер кетсе, оларды түзеу мүмкін емес.



Гравюрлеу үшін линолеумнің қалыңдығы 0,5 мм, ең аз дегенде 2,5 мм болу керек. Линолеумге гравюрлеу кезінде пайдаланатын аспаптар біршама қарапайым болады, оларды өздерің-ақ жасап алуға болады. Негізгі аспап 50-600 бұрыш шамасында тұмсығы бар бұрыштық қашауы. Мұндай қашау бірде әзер байқалатын сызықты, бірде өте жұн, бірде тік, т.б. сызықты береді. Аумақты орындарды ойып алу үшін ені 2-3 тен 10-12 мм-ге дейін болатын, жүзі жартылай шеңбер қашаулар қолданылады. Линолеумге пайдаланатын қашаулардың көпшілігін ескі қолшатырдың шабақшаларынан жасап алуға болады, олардың ені әр түрлі, әрі дайын сайы бар, оны тек қажетті формаға келтіру керек. Аспап әрдайым өткір болуы тиіс, сондықтан да оны қайрауды жақсылап үйреніп алу керек. Аспаптардың тек ұшын ғана қайрайтынын ұмытпаған жөн. Гравюрлеу кезінде кесілген сызықтар жақсы көрінуі үшін линолеумнің бетіне жұқа қарындашты мақтамен сүрте отырып, аздап қарайтуға болады. Керісінше линолеумді гуашьтің ақ бояуымен грунттап, оның бетін ақ жасауға болады. онда қалдырылған сызықтар бұрынғыдан да айқынырақ көрінеді. Линогравюралар бір түсті және түрлі-түсті: 2,3 оданда көп болуы мүмкін. Сонымен, түрлі-түсті гравюраны басу кезінде қанша бояуды қолданатын болсақ,





соның түстік ершелігіне қарай сонша тақта болуға тиіс.

Оттискіні сынап көргеннен кейін, қолданған бояулардың әр түрлі үйлесімін тексеру керек. Мұнда өте жақсы оттискі алу оңай шаруа емес. Алғашында сәтсіз оттискілер болуы мүмкін. Гравюрлеуді бастамастан бұрын бірінші дайындық суретті жасап алу керек. Мұны қаламұшпен қылқалам арқылы тушыпен орындаған дұрыс. Суреттің форматы баланың гравюра жасау форматымен сәйкес болуы тиіс.

Суретті тақтаға ауыстырғанда тақтадағы бейненің оттискіге қатысы «айнадағы бейнедей» нақты түсуін қадағалуымыз керек. Гравюрлеу кезінде жіберген қателіктерді дер кезінде түзетпесе, гравюрада түзету өте қиын. Ол үшін ірі бөліктерін кесіп алады, дәл өлшеніп кесілген қажетті жерге қиюластырған жаңа кесінділермен ауыстырылады. Сөйтіп гравюраның тиісті бөлігі қалпына келтіріледі. Ұсақ штрихтар мен қосымша жерлерді тіс тазалайтын ұнтақты желімге араластыру арқылы бекітеді. Басуды біткеннен кейін, бензинге батырылған шүберекпен бояу қалдығын / тақта мен біліктен/ кетіріп, оларды құрғақ, таза шүберекпен сүртіледі.





Қорытынды

Шебер-клястың негізгі мақсаты бейнелеу өнері сабағында түрлі тәсілдегі графикалық жұмыстарды барынша бағдарлама бойынша қолдану.

Шығармашылық талапкерлер үшін де өз ой қиялын осындай графикалық жұмыс арқылы эстетикалық талғам мен бейнелеу шеберлігін жетілдіру.

Қорыта келе графикада бейнелеудің түрлі тәсілдерін үйрену негізгі талап пен міндет. Бұл тәсілдегі жұмыстар оқушылар үшін өте қызықты, балалардың барлық жастарына оңай.

Шебер-клясты орындай отыра аз мөлшерде болса да, әрбірімізде шығармашылық көңілді әсер қалды деп ойлаймын.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «БАЛАЛАР КӨРКЕМСУРЕТ МЕКТЕБІ» ЮНЕСКО КЛУБЫ

Оразова Тойаш Балтақарақызы

Шымкент қалалық балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО Клубы 1967 жылы Қазақстан Республикасы бойынша тұңғыш рет ашылған мектептен тыс өнер ошағы. Мектептің ашылуына тікелей ұйытқы болған, алғашқы басшысы - халқымыздың бір туар дарынды ұлы, қазақ халқының өмір ізі болған ою – өрнектерін әлемге танытқан суретші Ғани Іляев. Биыл суретші Ғани Іляевтың туғанына 100 жыл толса, оның өзі ашқан, қаламыз үшін құнды сыйы – балалар көркемсурет мектебіне 50 жыл толып отыр.

1967- 1993 жылдар аралығында мектепті Магарита Паловна Кальтюгина басқарды. Білім мен тәртіпті бір сатыға қойған басшының еңбегі мектептің мықты фундаментінің қалануына өз әсерін тигізді.

Елімізбен бірге өрге шығып, қиын кезеңдерде өше жаздаған мектебіміздің бүгінгі күнге жетуіне, өркендеп, өсуіне 1999 - 2013 жылдар аралығында мектеп өміріне оңды өзгерістер енгізіп, Қуаныш Мәлікұлы алғашқы қазақ сыныптарын ашты. Ұлттық бағытта, сәндік қолданбалы қол өнер бойынша дәріс беру қолға алынып, компьютерлік графика пәнін енгізді. Мектебіміздің еңбектері Республика деңгейінде жоғары бағаланып, 2008 жылы ЮНЕСКО Клубы қатарына қосылды. 2013 жылы Қуаныш Мәлікұлы зейнеткерлік жасына толуына байланысты, еңбегі еленіп, құрметті демалысқа шықты.

2013 жылдан мектеп директоры қызметіне Оразова Тойаш Балтақарақызы тағайындалды. Балалар көркемсурет мектебіне дейін Тойаш Балтақарақызы, №65 мектеп – гимназиясында еңбек етіп, өзінің шеберлігін көрсете білген білімді ұстаз, білікті басшы. Т.Б. Оразова «Білім беру ісінің үздігі» медалімен марапатталған. 2008 жылы қалалық білім бөлімінің ғылыми – әдістемелік орталығы бекіткен «Психологиялық композиция арқылы сырласу», 2012 жылы «Технология, сурет, сызу, музыка пән мұғалімдеріне арналған нормативтік әдістемелік нұсқаулық» тақырыбында шығармашылық жұмыстарын дайындап шығарды. Балалар көркемсурет мектебіне келгелі, мұғалімдердің сапалы әрі нәтижелі жұмыс жасаулары үшін жағдай жасауды қолға алып, ұжыммен бірге жұмыс жоспарын жасады. Жоғары оқу орындарымен, өзге де облыстардағы мектептен тыс мекемелермен тығыз байланыста жұмыс жүргізуді қолға алды. Қалалық және облыстық байқаулар ұйымдастырып, оның ішінде өзінің авторлық «Аналар мектебі» іс- шарасын, «Аяз салған өрнектер», «Ұлы дала аңыздары», атты сурет байқауын облыс көлемінде алғаш рет өкізіп, өте жақсы көрсеткішке қол жеткізді.

«Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын жүзеге асыру жолында, жалпы орта мектептердің бейнелеу өнері, технология пәндерінің мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыруда ұйымдастырылған «Бейнелеу өнерін заманауи мектептерде инновациялық оқыту әдістемесі» және Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ - хас сақтардың ұрпағы!» тақырыбындағы облыстық шеберлік - сыныптары ұйымдастырылды.

2013 жылы мектеп қабырғасындағы белсенді оқушылар мен мұғалімдер арасынан «Алтын жүрек» тобы құрылды. Топ ата - анасыз қалған бүлдіршіндерге, мүмкіндігі шектеулі балаларға шын ниетпен қол ұшын беріп, өнерге баулып, жаңаша сурет салу тәсілдерін үйретіп келеді. Оқушылар өмірінен алынған қызықты сәттерді суретке түсіріп, мақала жазып «Өрлеу» атты газетті шығаруды қолға алған.

Мектеп оқушылары ЮНЕСКО жобасы аясында ұйымдастырылған «Балалар әлемді бейнелейді. Орта Азия», «Жер біздің ортақ үйіміз», «Құстар әуені», «Эники Феста», «При сильной ООН мир становится лучше» халықаралық, республикалық байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

2013 жылы мектеп жанынан спорт, музыка, бейнелеу өнері бағытында ашылған «Арт- шайн», «Шұғыла» аула клубтары да өз жетістіктерімен қуантуда. I Халықаралық «Дарын 2015», «Ұлтын сүйген ұланбыз» атты республикалық ән байқауында бас жүлдеге ие болса, бокс үйірмесінің спортшылары қалалық, облыстық жарыстарда жеңімпаз атанып жүр.

Мектебіміз, 2015 жылы Астана қаласының балалар көркемсурет мектебінің директоры Исенова Гульзия Жагипарқызының ұсынысын қуана қабыл алып, 1 ай көлемінде Тұңғыш Президент музейінде «Педагогикалық вернисаж» қол өнер көрмесін ұйымдастырып, шеберлік - сыныптарын көрсетіп қайтты.

Психологиялық композиция арқылы сырласу

Бейнелеу өнері өмірді қолмен ұстап, көзбен көргендей етіп, көркем бейнелер арқылы баяндайды. Көркем шығармалар айналамыздағы дүниені жақсырақ, толығырақ түсінуге үйретіп қана қоймай, ол біздің санамызбен түйсік сезімімізге әсер етеді.

Адам – табиғаттың бір бөлшегі, әрі ғажайып туындысы. Табиғатқа адамның жанашырлықмен, аялай қарауы оның перзенттік міндеті.

Дария, теңіз, көлдер мен орман-тоғайлар, асқар таулар мен жан-жануарлар табиғаттың ажар көркі ғана емес, оны бүлінуден сақтайтын құдіретті күш.

Табиғатта басы артық ештеңе жоқ, не бір құс, не бір хайуанат, не бір өсімдік немесе жәндік артық емес. Біз табиғаттан көп нәрсе үйренуіміз керек, оны қорғауға тиіспіз. Бейнелеу өнері бізді сұлулық әлеміне жетелейді.

Бейнелеу өнерінің қызықты бір саласы – композицияны психологиямен бай-



ланыстыру арқылы шәкірттердің өмір мен өнерге деген қызығушылығын арттыруға, өз ішкі сезімін сұлулықпен жеткізе білуге, ақ қағаз бен қылқалам, түрлі-түсті бояу көмегімен сыр бөлісуге болатындығын дәлелдеуге болады.

Қолданатын сабақ тақырыптары: «Маған ұнайтын бейне», «Мінездеме», «Өзіме беймәлім сыр», «Түс аяны», «Үрей», «Ұлттық сусындар жарнамасы», «Икебано құрастыру арқылы – жас ерекшелігін әсем, нәзік көрсету».

Осы тақырыптар арқылы өтілген сабақтар өз нәтижесін оң жағынан көрсетіп келеді. Баламен ашық пікірлесе алмайтын жағдайда психологиялық тәсілдерге сүйенеміз, күнделікті

қалыпты сабақ өту барысында осы сабақтар арқылы баламен ой бөлісуге, оны түсінуге, ішкі сырын ұғынуға болады. Ал, бұл қазіргі заман жастарымен тіл табысуға, араласуға, тәрбие беруге аз да болса септігін тигізеді.

«Маған ұнайтын бейне» тақырыбында өтілген сабақта оқушылар өздеріне ұнайтын, жүректерінен ерекше орын алатын ең жақын адамдарының бейнесін, ешкімге оның түсін түстемей-ақ, кім екенін айтпай-ақ жұмбақ түрде бейнелейді. Әрине, бұл сабақты әсерлі етіп түсіндіру шеберлігі мұғалімге байланысты. Оқушыға ой салу үшін психологиялық ойын он-он бес минут аралығында ойналады.

Сыныптан бір оқушыны есік сыртына, яғни дәлізге шығарып, оған 1 минут уақыт күте тұруын ескертесіз. Сыныптағы қалған барлық оқушылармен сыртта тұрған оқушыға іште отырған оқушылар ішінен біреуін ұқсату арқылы жасыру сөздерін құрастырасыздар. Мінезін кітапқа, машинаға, гүлге т.с.с ұқсату, түр-тұлғасын ағашқа, өсімдікке, құсқа, шашын, бойын т.б осылайша жасырасыздар. Сыртта тұрған бала сол адамды табуы керек.

Оқушылардың қызығушылығы, ойлау қабілеті кеңейе түседі. Бір-екі оқушыны ойнатып, ұқсату сөздерін ауыстырып бейненің қаншалықты дәлдікпен суреттелгенін талдай отырып, әр оқушының өзіне ұнайтын, жүрегінен ерекше орын алатын адамын ұқсату арқылы бейнелеуін тапсырасыз. Салынған суреттерді қарап бағалағанда сіз ол адамның жас мөлшерін, түр-түсін, мінезін, ер немесе әйел адам екенін сараптап айта алсаңыз бұл сіздің жетістігіңіз.





«Өзіме беймәлім сыр» тақырыбындағы сабақтың «өтпелі кезең» ширегінде тұрған жасөспірім тәрбиесіне ықпалы жақсы. Психологиялық тест сұрақтарын ұсынасыз. Сұрақ түрін оқушыларыңыздың сыныбына, олардың қабылдау деңгейіне орай түрлендіру арқылы құрастырғаныңыз дұрыс. Себебі, әр сыныптың өзіне тән ерекшелігі болады.

Сұрақ түрлері:

1. Сен өз іс-әрекетіңе үнемі бақылау жасай аласың ба?
2. Кейде өз-өзіңнен көңілің алабұртып, әлденені алаңдап іздеп, күтесің, нені әлде кімді, өзіңе де түсініксіз?
3. Ал, кейде шаттанып, билегің келеді, әлемге айғай сап ән салсам дейсің?
4. Бүгін бір ерекше, ғажайып жағдай болады-ау, міне қазыр, жоқ біраз уақыт өткен соң, мүмкін ертең шығар деген ішкі өз ойың өзіңе сөйлейді?
5. Сен бір жанды ұнатып қалдың, оған сен ұнайсың ба, оның сезімін білгің келеді, айтуға, сұрауға батылың бармайды, құрбыңа, досыңа, тіпті ең жақын адамдарыңа да айта алмайтын, өзіңе де беймәлім жағдай мазалайды?

«Түс аяны», «Үрей» тақырыптарындағы сабақтар өзіне сенімсіз, тұйық балаларға әсері күштірек. Сабақта әдеттегідей жай ғана әңгіме жүргізу арқылы оқушылармен сырласуға қолайлы жағдай жасайсыз. Мысалы түрінде өз басыңыздан өткен немесе тансық адамыңыз (есімін өзгертіп) туралы баяндай отырып, сұрақтар қойыңыз.

1. Өзіңе ерекше әсер еткен түс көргенің есінде ме, есіңе түсіріп көр.
2. Түс көргенде анық, түрлі-түсі етіп немесе ақ-қара түспен көресің бе?
3. Мағынасы есте қалатын немесе шым-шытырық түсініксіз түстерді көп көресің бе?
4. Түсінде көргенің өңінде келіп жататын кездер жиі бола ма?
5. Үрей деген сезімді қалай түсінесің?
6. Өз-өзіңнен үрейленіп, біреу саған артыңнан ілесіп, аңдып жүргендей әсерде болатын кезің болды ма?
7. Бір көрген түсті қайталап бірнеше рет көріп, таңданып ойланған кездерің болды ма?



Түс көру себептерін айта келе өмірде дәлелденбеген, әлі зерттелмеген тылсым күштер жайлы әңгіме жасаңыз, оқушылардың ойын тыңдаңыз. «Бермут үшбұрышы», «Ата-баба рухтары», «Жұмбақ пирамида», «Адамның түсініксіз күйде өзіне қол жұмсауы» себептері әлі күнге жұмбақ. Біз кейде көп нәрсеге мән бермей, тылсым бір күштің немесе ішкі сезім түйсігінің алдын-ала жасаған «ескертпесіне» құлақ түрмей үлкен өкінішке қалып жатамыз. Өйткені оған көңіл бөлуге уақыт жетпейді дейміз, шындығында байқап, аңдасақ, орынсыз өкінбес едік. Психологиялық композиция сабақтары арқылы өзгенің жан-дүниесін түсінуге болады. Айналамыздағы өмір қиындығына әлсіздік танытатын жандарға көмек берер едік. Оқушылардың бір-бірінің қадірін біліп, мынау қысқа өмірде жақсылақ жасау керектігін түсінуге өте қолайлы тәрбиелік мәні бар сабақ.

«Ұлттық сусындар жарнамасы» тақырыбындағы өтілген сабақ көрсеткіші жоғары болды. Қазіргі уақытта алкагольді ішімдік түрін насихаттайтын кеңінен таралып жатқан жарнама плакаттардың әсері туралы айтып, пікір талас жүргізу арқылы оқушыға ой тастауға болады.

Қазақ халқының ұлттық сусын түрлеріне тоқталып, пайдалы тұстарын әсерлеп жеткізу керек. Қымыз-қымыраны, бозасы мен шұбаты денсаулыққа пайдалы, әрі шөл қаңдырар керемет дәмді екенін бәрі біледі. Ата-бабаларымыздың бозаға сылқия тойып, масаң күйде жүргенін ешкім көрген де естіген де емес, ал, бүгінгі таңда көз қызықтыра жасалған жарнамада есеп жоқ, нәтижесі де белгілі.



Өз ұлттық сусындарымызды насихаттайтын жарнамалық плакаттар дайындайық. Сусынға арналған ыдыс түрлерінің формасын ойластырып, жарқырата жарнамалайық, халық пайдалы сусынды іздеп жүріп табатындай болсын.

«Икебано құрастыру арқылы жас ерекшелігін әсем, нәзік көрсету» тақырыбындағы сабақтың мақсаты: адам өз жасының мөлшерін ерекше сезіммен құрметтей алуға, әр қосылған жастың өзіндік кереметі, ерекшелігі болатындығын түсіну және өтіп жатқан уақытты бағалай білуге тәрбиелеу.

Икебано- кептірілген өсімдіктерден дайындалатын әсем композиция. Ал, әрбір икебаноның адамның жас ерекшелігін суреттейтінін біле беруіміз мүмкін. Аналарға, бойжеткенге, жас келінге, бүлдіршінге, жас нәрестеге т.с.с. арнап дайындауға болады. Адам баласына өмір сыйға бір рет қана берілетінін ескерсек, әр жас та жылына бір-ақ рет беріледі. Жас қосылған сайын адам сол жастың өзіне тән ерекшелігін, мағынасын, қадірін ескере білуімен қатар сол жасқа лайық іс-әрекетпен өмір сүруі тиіс. Өз жасына сәйкес емес ерсі қылығымен жүретіндер осыны ескере білулеріне ой тастайтын жұмыстар дайындалуы керек.

Мұғалім сабақ өткенде әрбір тақырыбын өмірмен байланыстыра отырып, оқушының жан-дүниесін түсіне, жүрегінен орын алатындай әсермен жеткізе білуге тырысатын болса, онда жетістікке жеттім деп есептесе болады.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді де осы өмірдің қажеттілігі тудырып отыр, ешнәрсе жоқтан пайда болмайды.

Ескерту: психологиялық композиция сабақтарын «өтпелі кезең» жасындағы балаларға және сабаққа қызығушылығы бәсең сынып балаларына өткен дұрыс.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКЕМЕДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА САБАҒЫН ОҚЫТУ

Сиранов С.А. Шымкент қаласының білі басқармасының
«Балалар көркемсурет мектебі» ЮНЕСКО Клубы

*«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді»
Н.Ә.Назарбаев*

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында»
Н.Ә.Назарбаев*

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Ақпарат технологиясы (ағылш.information technology, қысқ. IT) Ақпарат технологиясы – ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология (немесе көпшілікке IT атымен танымал ұғым) — қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Бұл термин ақпарат және технология деген екі ұғыммен байланысты. Технология

(грек тілінен аударғанда) өнер, шеберлік, біліктілік деген мағынаны білдереді. Технология дегеніміз – белгілі бір нәрсені өңдеу үшін орындалатын әрекеттер тізбегі. Технологиялық процесс түрлі құралдар мен әдістердің көмегімен жүзеге асады. Технология мен ақпарат түсініктерін біріктіре келе, ақпараттық технологияны есептеуіш құралдарын пайдалана отырып, ақпаратты алу, жинақтау, сақтау, өңдеу, талдау қызметтерін жүзеге асыратын әрекеттердің реті деп атайды.

Ақпараттық технологиялардың мақсаты, адамның талдау жасай отырып, нәтижесінде белгілі бір әрекетті орындау арқылы шешімдер қабылдай алатындай ақпаратты өндіру болып табылады.

А.т құралдарына техникалық, программалық, ақпараттық құралдар жатады. Техникалық құралдарға дербес компьютер, байланыс желілері, желі жабдықтары енеді. Техникалық жабдықталуына тәуелді болып келетін ақпараттық технология түрі ақпаратты жинақтауға, өңдеуге мүмкіндік береді. Техникалық және ақпараттық жабдықтамаларға тікелей тәуелді болып келетін программалық құралдар жинақтау, өңдеу, талдау қызметін атқарады.

Компьютерлік графика – әр түрлі кескіндерді (суреттерді, сызбаларды, мультипликацияларды) компьютердің көмегімен алуды қарастыратын информатиканың маңызды саласы.

Қазіргі танымал программалардың ешқайсысы компьютерлік графикасыз жұмыс істемейді. Статистикаға сүйенсек, жаппай қолданыста жүрген программаларды жасап шығарушы программистік ұжымның қызметкерлері өз жұмыстарының 90 % уақытын осы графикамен шұғылдануға жұмсайды екен.

Компанияның тарихы 1975 жылы басталады. Гарварда Билл Гейтс және Пол Аллен атты дос-студенттер «Popular Electronics» журналындағы жаңа Altair 8800 дербес компьютер туралы мақаланы оқыған соң, оған Basic тілін ойлап табады. Бір айдан соң, 1-ақпан күні ДК-ді өндіріп шығарған Micro Instrumentation and Telemetry Systems (MITS) компаниясымен лицензиялық келісімшартқа отырады. Осы жылы Билл Гейтс Алленге жазған хатында компанияның атауын «MICROcomputer SOFTWARE» (микрокомпьютерлерге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету) деп қою туралы ұсыныс жасайды.



Ең бірінші логотип

Paint сөзі ағылшыннан аударғанда – сурет салу деген мағынаны береді. Paint –тың алғашқы нұсқасы Windows 1.0 кездесті.

Бірақ, Windows 95 және одан кейінгі Windows бағдарламаларында атауы қайтадан Paint деп аталды. Windows 3 бағдарламасында және одан бұрын шыққан бағдарламаларында MSP, BMP, PCX және RLE форматтарын қабылдайтын. Ал келесі версияларында тек BMP форматын қабылдайтын. Windows 95 бағдарламасында Paint–тың жаңа нұсқасы енгізілді. Сол интерфейсті Windows–тың келесі нұсқаларында пайдаланады. Windows 98, Windows 2000, Windows ME нұсқаларында GIF және JPEG форматтарында да, егер арнайы Microsoft филтри болса, қабылдай алатын (әдетте филтер Microsoft–тың басқа да программаларымен Microsoft Office мен Microsoft PhotoDraw сияқты программалармен қолданылатын). Windows 7 нұсқасында Paint толығымен өзгерген, ленталық интерфейс (Ribbon) алып, қосымша қылқалам мен фигура қабылдады. Paint-те 16 құрал бар. Windows 7 -де кездесетін өзгерістер:

- 1) 9 түрлі қылқылам (Brush)
- 2) жай қылқылам (енді өңделген)
- 3) Каллиграфиялық қылқылам 1 (45 градус солға иіле алады)
- 4) Каллиграфиялық қылқалам 2 (45 градус оңға иіле алады)
- 5) Балончик (өзгеріссіз қалды)
- 6) Май қылқаламы (жуан штрихпен сала алады)
- 7) Пастель қылқыламы (түрлі –түсті борға ұқсайды)
- 8) Маркер (жартылай бояйды)

- 9) Жай қарандаш (жіңішке қалам мен қатты қалам)
 - 10) Акварель (жартылай түссіз ақырын жоғалатын қалам)
- Сабақтың тақырыбы: «Компьютерлік графика және оның түрлері».

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Графика туралы түсінік беру. Компьютерлік графиканың негізгі бағыттары туралы жалпы түсінік беру. Қолдану салалары. Оның түрлері.

Дамытушылық: Графикалық редактор ұғымымен таныстыра отырып оқушылардың дүниетанымдарын, ой - өрістерін, пәнге деген қызығушылықтарын дамыту.

Тәрбиелік: Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа (ашық) сабақ

Сабақтың әдісі: түсіндіре баяндау әдісі, сұрақ - жауап әдісі, көрнекілік әдісі.

Сабақтың көрнекілігі: кеспе қағаздар, компьютер, слайдтар, бағалау парақтары

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Сергіту сәті
3. Үй тапсырмасын қайталау
4. Жаңа сабақ түсіндіру
5. Практикалық жұмыс
6. Сабақты бекіту.
7. Оқушыларды бағалау
8. Рефлексия
9. Үй тапсырмасын беру

1. Ұйымдастыру кезеңі (оқушыларды түгелдеп, сабаққа дайындығын тексеру)

2. Сергіту сәті

3. Үй тапсырмасын қайталау (тест тапсырмасы арқылы тексеру)

Өзіңді тексер!!!

1. Алгоритм дегеніміз - ...

А) іс - әрекет

Ә) толық сипатталған тапсырма

Б) алға қойған мақсатқа жетуде немесе берілген есепті шешудегі жасалатын әрекеттердің дәл және қарапайым етіп жазылуы

В) математикалық есептің шешілуі

2. Антивирус – ол ...

А) файлдарды сығуға арналған программа

Ә) файлдарды көшіруге арналған программа

Б) компьютерлік вирустарды жоюға арналған программа

В) вирустарды құруға арналған программа

3. Нақты нысанды, құбылысты немесе үдерісті қарапайым етіп түсіндіреді. Ол не?

А) модельдеу

Ә) модель

Б) алгоритм

В) цикл

4. Ақпараттық модель:

А) компьютердің көмегімен жүзеге асады

Ә) нысанның, үдерістің, құбылыстың қасиеттері мен күйін сипаттайтын ақпарат

жиынтығы

Б) нысанның қасиеттерін сипаттайтын математикалық формулалар

В) статистикалық модель

5. Блок - сызба алгоритміндегі енгізу - шығару мәліметтері қандай фигурамен беріледі?

А) сопақша

Ә тіктөртбұрыш

Б) ромб

В) параллелограмм

6. DIV амалы жүзеге асырады.

А) бүтін санды бөлуді

Ә) бүтін санды бөлудің қалдығын алу

Б) бүтін санды бөлудің бөлшектік қалдығын алу

4. Жаңа сабақты түсіндіру.

Адам өмірінде суреттің орны ерекше. Бұрынғы уақытта жазуды білмейтіндер сурет арқылы өз өмірлері туралы жеткізетін болған және де кез-келген затқа сурет салатын болған. Олар үшін суреттің орны ерекше.

Осы жерде Альберт Эйнштейннің сөзі еске түсіп отыр: «Ең қарапайым әдіс-тәсілмен терең ойды білдірудің өзі - өнер»

Ал өзіміз балалық шағымыздағы кітаптарымызды еске түсірейік. Олар қандай болып еді? Неге балалар кітаптарында суреттер көбірек бейнеленген? Дұрыс, сурет арқылы ең қиын деген мәліметтің өзін оңай игеруге, яғни қабылдауға болады.

Ал, информатика пәніндегі сурет – бұл компьютерлік графика. Ал балалар біздің бүгінгі жаңа сабағымыз: «Компьютерлік графика және оның түрлері».

Графика дегеніміз – бұл сызба құралдарының көмегімен жасалған сурет.

Ал, графикалық редактор дегеніміз – графикалық бейнелерді құруға немесе өзгертуге арналған программа. Компьютерлік графика – әр түрлі кескіндерді (суреттерді, сызбаларды, мультипликацияларды) компьютердің көмегімен алуды қарастыратын информатиканың маңызды саласы.

Компьютерлік графика: 1) Екі өлшемді графика

2) Үш өлшемді графика болып бөлінеді.

Екі өлшемді графикаға: растрлық, векторлық және фракталдық.

Растрлық графикада кескіндер түрлі-түсті нүктелердің жиынтығынан тұрады. Растрлық кескінді құрайтын әрбір пиксельдің өз орны мен түсі болады және әр пиксельге компьютер жадында бір ұяшық қажет.

Растрлық кескіннің сапасы сол кескіннің өлшеміне (тігінен және көлденең орналасқан пиксельдердің саны) және әр пиксельді бояуға қажетті түстердің санына тәуелді болады.

Өңдеу редакторлары: Adobe Photoshop, Corel PhotoPaint

Фракталды графиканың жасалу әдісі сурет салуға немесе безендіруге емес, програмалауға негізделеді. Егер растрлық графикада растр (пиксель), ал векторлық графикада сызық базалық элемент болып табылса, фракталдық графикада математикалық формуланың өзі базалық элемент болып табылады, бұл компьютердің жадында ешқандай объект сақталмайды, кескін тек қана теңдік бойынша салынады деген сөз.

Векторлық кескіндер, бұл - сызық, доға, шеңбер және тікбұрыш сияқты геометриялық объектілер жинағынан тұратын кескіндер. Бұл жерде вектор дегеніміз - осы объектілерді сипаттайтын мәліметтер жиынтығы.

Векторлық графиканың басты артықшылығы оған кескін сапасын жоғалтпай өзгеріс енгізуге, оңай кішірейтуге және үлкейтуге болатындығы. Векторлық кескіндер CorelDRAW, Adobe Illustrator секілді векторлық графикалық редакторларда жасалады.

Үш өлшемді графика: Үш өлшемді графика (3D Graphics) — көлемді объектілерді бейнелеуге арналған тәсілдер мен құралдардың жиынтығынан тұратын компьютерлік графиканың бөлімі.

Үш өлшемді графикамен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар: - 3D Studio MAX 5; - AutoCAD; - Компас; Қазіргі компьютерлік графика қолданылу әдісі бойынша мынадай негізгі салаларға бөлінеді:

Ғылыми графика. Алғашқы компьютерлер тек ғылыми және өндірістік есептерді шығару үшін қолданылды. Есептерден шыққан нәтижелерді дұрыс түсіну үшін оларды графикалық тұрғыда өңдеп, графиктер, мен диаграммалар, сызбалар тұрғызған.

Машинадағы алғашқы графиктерді символдық режимде басып шығаратын. Кейін сызбалар мен графиктерді қағазға қаламұштың көмегімен сызатын арнайы құрылғылар – графиксалғыштар (плоттерлер) пайда болды.

Іскерлік графика – қандай да бір мекеме жұмысының көрсеткіштерін көрнекі түрде ұсыну үшін қолданылатын компьютерлік графиканың маңызды саласы. Іскерлік графиканың көмегімен жоспар көрсеткіштерін, есеп құжаттарын, статистикалық есептерді және т. б. объектілерді көрнекі түрде ұсынуға болады. Іскерлік графиканың программалық жабдықтары электронды кестелердің құрамында болады.

Конструкторлық графика - инженер - конструкторлардың, архитекторлардың, жаңа техниканы ойлап шығарушы өнертапқыштардың жұмысында қолданылады. Компьютерлік графиканың бұл түрі САПР – дың (систем автоматизации проектирования - жобалауды автоматтандыру жүйесі) міндетті элементі болып табылады. Конструкторлық графика құралдарын пайдалана отырып жазықтықтағы кескіндерді (проекциялар, сызбалар) ғана емес, кеңістіктегі үшөлшемді кескіндерді де жасауға болады.

Суреттеу графикасы (көркем графика) - деп компьютер экранында ерікті түрде сурет салу мен сызуды айтады. Суреттеу графикасының пакеттері жалпы мақсатта пайдаланылатын қолданбалы программалық жасақтамалардың қатарына енеді. Суреттеу графикасында қолданылатын қарапайым программалық жабдықтарды графикалық редакторлар деп атайды.

Жарнамалық графика – теледидар пайда болғаннан кейін танымал бола бастады. Қазір компьютердің көмегімен жарнамалық роликтер, мультфильмдер, компьютерлік ойындар, видеодәрістер мен видеопрезентациялар жасалады. Оларды жасау үшін қолданылатын графикалық пакеттер осы мақсатта қолданылатын компьютерлердің жады мен жұмыс істеу жылдамдығына үлкен талап қояды.

Графиктік файлдардың форматтары:

Графиктік формат – бейнені кодтау тәсілі.

- BMP- форматы (ағылш.тіл. Bit Map – «биттік карта»). BMP – графиктік файлдың стандартты форматы.

- PSD - Adobe PhotoShop пакетінің стандартты форматы, көп қабатты бейнелерді сақтайды.

- CDR форматы - Corel Draw бағдарламасының форматы және ол векторлық бейнемен қоса, растрлік графиканы және мәтінді сақтау мүмкіндігін береді.

- PNG-форматы - ағыл.т. Portable Network Graphic Format – «желі бойынша графиканы жіберу форматы», «пинг» деп оқылады).

- GIF-форматы - (ағылш.т. Graphics Interchange Format – «графиканы алмастыруға арналған формат»).

- JPEG-форматы - фотобейнелерді сығып сақтауға арналған аса әйгілі формат.

5. Практикалық тапсырма (деңгейлік тапсырмалар орындау)

6. Жаңа сабақты бекіту

В	П	Л	Ь	А	Д	Ж
Е	И	Е	Ч	К	Н	Т
К	К	С	О	Р	Е	Ү
Т	А	П	Т	Е	Г	С
О	Й	Н	Н	Н	Т	А
Р	А	Т	Ы	О	Ф	Л
Р	С	О	Й	Т	О	У
Б	Т	Р	Ф	О	Р	М

7. Бағалау (бағалау парақтары арқылы)

8. Рефлексия

Оқушыларға үш түсте кима-қағаздар беріледі.

Қызыл – өте жақсы

Сары – жақсы

Жасыл – қанағаттанарлық

9. Үйге тапсырма

§ 19. Компьютерлік графика, түрлері. Графиктік файлдардың форматтарын жаттау.

«ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ В ДОПОЛНИТЕЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ»

Сулеймани Д.К.

Введение

На сегодня проблема инклюзивного образования актуальна во всем мире. В Казахстане это явление также не оставлено без внимания. Данная проблема требует к себе акцентированного внимания, поскольку количество детей с врожденными и приобретенными пороками развития с каждым годом растет. Государство ставит задачи ранней диагностики отклонений в развитии у детей и ранней коррекции этих отклонений за счет компенсаторных функций организма. Система образования, в свою очередь должна по мере возможности включить данную категорию детей в процесс обучения в массовых детских садах, общеобразовательных школах, профессиональных лицеях и высших учебных заведениях.

Образование – неотъемлемое право человека. Особое место в системе отечественного образования занимают дети с ограниченными возможностями.

Вопросы обеспечения жизнедеятельности детей данной категории определены в Законах Республики Казахстан «Об образовании», «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», а также в ряде нормативных правовых актах.

Имея в соответствии с Конституцией Республики Казахстан и Законом РК «Об образовании» равные со всеми другими детьми права на образование и творческое развитие. В жизни же дети с ограниченными возможностями сталкиваются с трудностями, а то и невозможностью получить хорошее образование. Сегодня большинство инвалидов получает среднее образование или в спецшколах и интернатах, или на дому.

Эксперты говорят о слабой правовой информированности среди родителей. Не многие помнят, что в пакете социальных услуг, гарантируемых государством своим гражданам, право на образование является одним из важнейших. В соответствии с Конституцией РК (ст.30) каждый гражданин РК имеет право на обязательное и бесплатное среднее образование, включающее начальную, основную и старшую ступени общего среднего образования. Вместе с тем реальная ситуация гораздо сложнее: в последнее десятилетие наметилась тенденция расширения списка и состава детей из социально уязвимых и маргинальных групп.

Детей с инвалидностью можно не отдавать в закрытые интернаты, а определять в обычные детские сады и школы. Это называется - инклюзивное образование. Когда ребенок с ограниченными возможностями учится вместе со здоровыми ребятами. Основная задача, стоящая перед государством и обществом в отношении таких детей, — создание условий и оказание помощи в их социальной реабилитации и адаптации, подготовке к полноценной жизни в обществе.

Инклюзивное образование является одним из процессов трансформации системы образования, ориентированным на формирование условий доступности качественного

образования для всех. Инклюзивное образование предполагает включение детей с особыми образовательными потребностями независимо от их физических, психических, интеллектуальных, культурно-этнических, языковых и иных особенностей в общеобразовательную среду, устранение всех барьеров для получения качественного образования, социальной адаптации и интеграции в социуме. Развитие инклюзивного образования с конца прошедшего столетия стало ведущим ориентиром образовательной политики многих развитых стран мира: США, Великобритании, Дании, Испании, Финляндии, Германии, Италии, Австралии и др. Дети с психофизическими нарушениями и отставаниями в развитии в этих странах успешно обучаются совместно с нормальными сверстниками в общеобразовательных организациях, в которых для их развития и социальной адаптации созданы соответствующие психолого-педагогические условия. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования разработаны согласно основополагающим международным документам в области прав человека, с учетом тенденций и достижений мировой практики в сфере образования и приоритетных задач развития казахстанской системы образования.

Инклюзивное образование – это организация процесса обучения учащихся с разными физическими и умственными способностями, ограниченными возможностями, нарушением здоровья в учебных заведениях общего типа.

Инклюзивное образование создает условия для полноценного обучения и развития учащихся с инвалидностью, ограниченными возможностями в стандартной образовательной среде, в реальных условиях. Умственному и физическому развитию учащихся, раскрытию их творческого потенциала способствует изобразительная деятельность. Она активизирует эмоциональную сферу учащихся, развивает логику и пространственные представления. Это особенно актуально для детей с особыми образовательными потребностями.

Слово «инклюзивный» (от франц. *inclusif* – включающий в себя, от лат. *include* – заключаю, включаю, иначе – «включенное образование») означает процесс совместного обучения лиц, имеющих образовательные проблемы с основным контингентом обучающихся в учебном заведении общего вида.

Внимание к этой проблеме продиктовано наличием значительного количества художественно одаренных детей, относящихся к категории лиц с ограниченными возможностями здоровья и нуждающихся в качественном художественном образовании, особенно на начальном этапе.

Дети с ограниченными возможностями здоровья изолированы от общества, они живут в своем закрытом, недоступном для нас мире. Но эти дети хотят петь, танцевать, играть на музыкальных инструментах, они рисуют, лепят, делают аппликации, шьют, их работы наполнены эмоциями, переживаниями, радостью, восторгом и болью. Дети с ограниченными возможностями здоровья в силу своих «ограничений» воспринимают этот мир ярче, острее, эмоциональней, чем их здоровые сверстники. И именно в занятиях творчеством дети инвалиды находят отдушину, творчество помогает им в адаптации и реабилитации, оно является самовыражением и самореализацией. Через свое творчество они пытаются достучаться до нас. Ведь им, как и всем детям, необходимы простые вещи: внимание, любовь, понимание, возможность общаться.

Несмотря на то, что в настоящее время отсутствуют теоретически обоснованные подходы к осуществлению качественного и полноценного художественного образования лиц с особыми потребностями, педагогическая практика носит «точечный», интуитивный характер деятельности, отсутствует целенаправленная программа подготовки преподавателей к работе с этой категорией учащихся и разработанная методика инклюзивной деятельности.

В настоящее время, целью государственной политики является обеспечение инвалидам равных с другими гражданами возможностей в реализации своих прав. Задача общества – формирование условий для их независимого проживания в социуме, доступности для них физической и информационной среды, обеспечение их профессиональной занятости и полноценного индивидуального развития.

Инклюзивное образование — процесс развития общего образования. Инклюзивное образование старается разработать подход к преподаванию и обучению, который будет более гибким для удовлетворения различных потребностей в обучении. В основу инклюзивного образования положена идеология, которая исключает любую дискриминацию и обеспечивает равное отношение ко всем детям.

Все дети – индивидуумы с различными потребностями в обучении. Это основная мысль инклюзивного образования. И, с точки зрения социального подхода к проблеме, инвалидность понимается не как ограниченная возможность, а как особая потребность. Дети-инвалиды часто творчески одарены. В детской школе искусств они наравне с другими детьми могут проявить свои творческие способности, получить профессиональное образование, которое позволит им успешно определиться в жизни.

Значение изобразительного искусства в инклюзивном образовании сводится к следующему: Воздействие изобразительного творчества на интеллект учащихся разных возрастов и уровней развития. Развитие моторики рук, которая плодотворно воздействует на становление речевых функций, посредством изобразительной деятельности различного рода. Развитие навыков эстетического восприятия окружающей действительности. Развитие представлений об объектах, их устройстве: форма, цвет, размер. Развитие чувства прекрасного, что положительно сказывается формировании духовного мира личности и ее культурное развитие. Решение проблем социального становления ребенка с особенностями развития. Изобразительная деятельность применяется на стандартных занятиях, которые объединяют учащихся с разными образовательными потребностями, а также в условиях коррекционных занятий специального типа – ориентированных на конкретных учащихся, их познавательные, творческие способности и образовательные потребности.

Включение изобразительного искусства в образовательную программу учебного заведения, работающего по принципам инклюзии, имеет свои особенности. Они сопряжены с рядом общих проблем, с которыми сопряжена реализация инклюзивного образования в современном обществе. К ним относятся:

Отсутствие адекватной законодательной базы, определяющей основы реализации инклюзивного образования;

Недостаточность педагогических кадров, способных к работе по данному направлению педагогической деятельности т.е. требуется наличие профессиональных навыков для работы в коррекционном и общеобразовательном учебном заведении, а также умения их продуктивного сочетания и применения;

Неразвитость методической базы реализации инклюзивного образования; Отсутствие оптимальной оценочной системы, адекватной к использованию в условиях инклюзии;

Незнание педагогами специфики творческого развития учащихся с разными отклонениями от нормального развития;

Инновационный характер художественного инклюзивного образования, с отсутствием проработанной базы и методологии его реализации.

Наличие данных проблем обуславливает разработку законодательной и программной базы реализации инклюзивного образования в целом и художественного инклюзивного образования в частности. Необходимо обязательное применение средств искусства в образовательном инклюзивном процессе и формирование опыта художественной изобразительной деятельности. Для реализации художественного развития учащихся в условиях инклюзии требуется применение специальных форм и методов работы, инновационных технологий творческого развития подрастающего поколения, поскольку именно они направлены на учет особых образовательных потребностей учащихся и индивидуальный подход в обучении.

Использование арт-технологий в инклюзивном образовании:

Арт-технологии являются инновационными приемами организации образовательной деятельности и подходят для реализации художественного развития учащихся с особыми образовательными потребностями.

Данные технологии ориентированы на отражение психоэмоционального состояния личности средствами художественного творчества. Они учат основам интеллектуальной деятельности, активизируют мыслительные процессы учащихся, посредством применения разнообразных видов искусства.

Использование арт-технологий в инклюзивном образовании помогает разрешить проблемы его реализации и функционирования.

Арт-технологии позволяют:

Скорректировать развитие ребенка с разнородными отклонениями.

Формирование понимания искусства и применение его потенциала учащимися в постижении образовательной программы.

Развитие навыков пространственной ориентации и пространственного мышления.

Формирование умений логично излагать свои мысли.

Формирование навыков дачи развернутых ответов.

Развитие интереса к социальному общению и взаимодействию.

Лечебное воздействие цветом и вариативными художественными приемами на психические процессы и эмоциональную сферу учащихся с отклонениями в развитии психологической устойчивости учащегося к разнородным внешним факторам. Познание себя и своего чувственного мира учащимися.

Следует отметить, что арт-технологии не особенно активно используются в образовательном процессе инклюзивной направленности. Это связано с отсутствием методической базы и инструментария, позволяющего продуктивно использовать данные технологии.

Наиболее распространенные арт-технологиями, которые находят применение в коррекционных учебных заведениях:

Изотерапия;

Цветотерапия.

Данные технологии нацелены на активизацию интеллектуальных способностей учащихся средствами художественного искусства: рисованием, лепкой, созданием аппликаций, декоративным творчеством. Чтобы внедрить данные технологии в инклюзивный образовательный процесс, требуется расширение содержания образовательной программы, повышение квалификации педагогов, а также разработка инновационных форм интегрированного обучения, способствующего вхождению ребенка с особыми образовательными потребностями в систему общего образования, его социальное утверждение в данном процессе и желание учиться и развиваться с детьми, обладающими полноценными навыками жизнедеятельности.

Изотерапия и цветотерапия обладают лечебным воздействием на организм учащегося, помогают ему познать мир социума через мир творчества, активизируют логическое и креативное мышление.

Инклюзивное образование в Детских школах искусств.

Понятие «инклюзивное образование» относительно недавно вошло в тезаурус отечественной педагогической науки. Явление это сложное, многокомпонентное, вызывающее противоречивые суждения. Люди, далекие от рассматриваемой темы, воспринимают его как некий модный тренд и порой выступают против возможности совместного обучения «больных» и «здоровых».

В педагогической среде начинают видеть в таком обучении реализацию новых форм работы с «проблемными» учениками, а для самих учащихся, имеющих образовательные трудности, это – шанс быть в учебной среде вместе с остальными сверстниками, рядом с ними получить образование и профессию, которая может в дальнейшем стать условием равноправного участия в трудовой и социальной жизни.

Знаменитые талантливые личности с ОВЗ которые добились успеха:

Людвиг ван Бетховен (16.12.1770 – 26.03.1827) – оглох к 32 годам. Великий немецкий композитор, представитель венской классической школы. В 1796 году Бетховен начал терять слух, вследствие воспаления внутреннего уха. После того, как Бетховен полностью оглох, он создал свои самые известные произведения - 5 симфоний и Аппассионату.

Клод Моне (14.11.1840 – 5.12.1926) – в 1922 году перестал видеть на правый глаз и едва видел левым, т.е. слабовидящим он стал на восьмом десятке лет. Однако он говорил: «Я буду рисовать даже слепым, как и Бетховен, который сочинял музыку, будучи абсолютно глухим». Основал движение импрессионизма в искусстве.

Винсент Ван Гог

Его имя по праву входит в ряд величайших художников, а его великолепные работы стали истинными жемчужинами и колоссальным вкладом в фундаментальные основы современного искусства. Всего за десять лет он создал 1100 набросков и рисунков, а также 900 картин, на сегодняшний день их стоимость превышает десятки миллионов долларов.

Этот великий художник страдал тяжелой формой депрессии, лечение которой происходило в психиатрической больнице. Его жизнь закончилась достаточно печально: он выстрелил себе в грудь, когда ему было всего лишь 37 лет, а спустя два дня художник умер, произнеся свои последние слова о том, что печаль будет длиться вечно.

Альберт Эйнштейн

Великий физик, вклад которого в эту науку поистине колоссальный. Автор теории относительности и второго закона фотоэффекта стал лауреатом Нобелевской премии. Но когда Эйнштейн был ребенком, его родители даже не предполагали, что он станет величайшим ученым 20 века, потому

Франклин Делано Рузвельт

Пожалуй, самый известный президент США, который в 1921 году очень тяжело переболел полиомиелитом. Он изо всех сил старался бороться с болезнью, но все же очутился в инвалидном кресле. Однако даже это абсолютно не помешало ему войти в мировую историю своими заслугами.

ВЫВОДЫ Таким образом, лица с ОВЗ могут добиться успеха в рамках различных направленностей: естественно-научной, физкультурно-спортивной, художественной и др. Безусловно, большое количество причин могло повлиять на то, что эти люди с ОВЗ смогли добиться успеха, однако, очевидно, что это не только наличие способностей в той или иной области, а также, поддержка близких людей, но и серьезная работа педагогов, вложивших много сил в их воспитание и образование!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ ОТЫРЫП, ПАПЬЕ-МАШЕ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ЗАМАНАУИ БҰЙЫМДАР ЖАСАУ



Тажобекова Г.Т.

Такырыбы: Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, папье-маше әдісі арқылы заманауи бұйымдар жасау.

Мақсаты: Жас өспірімдерге ұлттықтық өнерді дәріптей отырып, папье-маше әдісінде түрлі бұйымдар жасау арқылы мүсін өнеріне деген қызығушылығын арттыру.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы өз еліміздің құндылықтарын ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді

құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздардың алдындағы басты міндет деп білемін.

Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде кез-келген ұлтты

сақтап қалатын дүниелер - сол ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық. Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын - оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек.

Менің бүгінгі баяндамамның мақсатына толық тоқтала кетсем. Қазіргі заманда ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін қолөнер бұйымдары өте көп. Менің мақсатым осы ұлттық дәстүрімізді, ұлттық болмысымызды алдымызға келетін кіпкішкентай бүлдіршіндерге түсіндіріп, қандайда болмасын дүние жасағанда сол құндылықтарымызды аздап қосып отырсақ деген ойым бар. Папье-маше технологиясын айтылғанда көптеген адамның ойына орыс халқының ою өрнегі мен маскалары елестейтіні анық. Қазіргі заманда балалардың қызығушылығын бір қалыпта ұстап тұру мүмкін емес. Сол себепті мен алдыма келген әрбір бүлдіршінге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге барынша тырысамын. Папье маше әдісіне тоқталатын болсам.

Папье-маше «Papier mâché» француз тілінен аударғанда – «шайналған қағаз» деген мағынаны білдіреді. Папье-маше әдісі қағаз, картон, газеттер қоспасынан алынатын оңай дайындалатын масса. Папье маше әдісімен көптеген сувинир бұйымдар жасауға болады.

Тарихына тоқталатын болсақ аты француз тілінен болғанымен алғашқы отаны яғни қағаз алғаш пайда болған Қытай мемлекеті. Алғашқы папье-маше бұйымдары Қытайдағы қазба жұмыстары кезінде табылды, олар ежелгі қытай сауыттары мен дулығалары болды. Оларға қаттылық беру үшін көп қабатты лак жағылғаны белгілі болды.

Жақсы төзімділікпен қатар қағаз сауытының салмағы өте аз болды, бұл жауынгерге ұрыста жылдам қозғалуға мүмкіндік берді.

Қытайдан кейін папье-машеге деген қызығушылық Жапония мен Парсы елдеріне тарады, онда маскалар мен мерекелерге арналған басқа атрибуттар осы әдіспен жасалған. Бірте-бірте бұл әдіс бүкіл әлемге тарады және Еуропа елдерінде ең танымал болды.

17 ғасырдың ортасынан бастап Франция папье-маше әдісін қолданып, өз бетінше өнім шығара бастады. Бастапқыда бұл өте танымал болған қуыршақтарды жасаудан басталды. Папье-маше 1800 жылдары ең үлкен танымалдылыққа ие болды.

Осы ежелден келе жатқан папье-маше әдісі балалар қызығушылықпен жасайтын технологиялардың бірі. Осы әдіс арқылы балаларға ұлттық құндылықтардың бірі ұлттық аспаптар немесе ұлттық ата-баба мұрасын я болмаса кимешек киген ақ жаулықты ежелеріміздің бейнесін жасауға көмектесе отырып баланың бойына құндылықтарды бойынам даруына ықпал етеміз.



Папье-маше әдісіне қажетті құрал-жабдықтар.

1. Пва клей
2. Кайшы
3. Дәретхана қағазы немесе қағаз сүлгілер
4. Ескі газеттер
5. Кағаз скотч

Жұмыстың жасалу кезеңі



Папье-маше әдісі сабырлықты, ұқыптылықты, шыдамдылықты, өте көп уақытты талап етеді. Папье-маше әдісіне көп уақыт кеткенімен, кеткен уақыт босқа кетпей нәтижесінде өте керемет дүние шығады.





Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.





«БІЛІМ БИРЖАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК САҒЫСЫ (СЫНЫПТАН ТЫС САБАҚ)

Тастанова Роза Кабылбековна
Шымкент қаласының білім басқармасының
«Балалар көркемсурет мектебі» МКҚК
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бейнелеу өнері тарих
пәнінің мұғалімі

I жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ұстаздар және білімге құштар жас өрендер! Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына арналған «Білім биржасы» тақырыбындағы зияткерлік сайысымызға қош келдіңіздер!

II жүргізуші: Зияткерлік сайысының мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, зеректік, шешендік қабілеттерін қалыптастыру. Шектеулі уақытта дұрыс шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйрету. Қазіргі заманғы нарықтық экономикаға оқушыларды дайындау, табыстың негізгі көзі – білім екенін түсіндіру және оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру.

I жүргізуші: Оқушыларға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын жылдары елінің азаттығын, еркіндікті аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу.

II жүргізуші: Білімнің үлкен табысқа, биік шыңдарға бастайтын күш екендігін растайтын бұл сайыста, негізінен Еліміздің тарихы, тәуелсіздігі, мәдениеті мен руханиятына қатысты сұрақтар қойылады.

I жүргізуші: Бақ пен бап сыналар бұл жарысқа қатысып отырған оқушыларымызға сәттілік тілейміз.

II жүргізуші: Бүгінгі сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

I жүргізуші: Жиналған ылғи дарындар,

Жүрегі от боп жалындар.

Мықтыларды қарсы алайық,

Қол соғып, бір халайық.

Ендеше, «Білім биржасы» зияткерлік сайысының қатысушыларын ортаға шақырамыз.

3/1 тобы – жетекшісі Достаев Фархад Арапбайұлы

4/1 тобы жетекшісі – Култаева Гулсара Ибрайқызы

4/2 тобы жетекшісі – Култаева Гулсара Ибрайқызы

Сайысқа қатысатын оқушылар орындарына келіп отырады.

II жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар, қатысушыларымызға қошемет көрсетейік.

I жүргізуші: Сайыстың шарты бойынша сұрақтар жеңіл, орташа, күрделілігіне қарай үш деңгейге жіктелген. Бір сұраққа ойлануға 1-3-5 минут уақыт беріледі.

II жүргізуші: Сайыстың ережесі: Әр дұрыс сұрақ 10 балға бағаланады. Егер сұраққа дұрыс жауап берілмесе, жиған балынан алынып тасталады. Бұл ойын білгенінің арқасында ойындағы тасын өрге домалататын, білмегені болса, үйренгісі келетін көпшілікке арналған. Ойын 6 турдан тұрады.

I кезең Білгір болсаң, тауып көр!

II кезең Ойлы болсаң, озып көр!

III кезең Жүйрік болсаң, шауып көр!

IV кезең Шебер болсаң, салып көр!

V кезең Сұрағыма жауап бер!

VI кезең Мықты болсаң, жеңіп көр!

I жүргізуші: Жас дарындар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.
Әділ достар берерсің әділ баға,
Салыстырып білім менен білікті, -

дей келе, осы ойында әділ бағалау көрермендерге беріледі. Сіздерге сеніп, бағалауды өздеріңізге қалдырамыз.

II жүргізуші: Сіздердің әділдіктеріңізге, адалдықтарыңызға еш күмән келтірмейміз, сол сенімді ақтайды деп сенеміз. Сонымен қатар, бүгінгі сайысымызға тәуелсіз сарапшылар: аула клубының меңгерушісі Мараймова Ақбота Үкіметқызы, сурет пәнінің мұғалімі Қадырқұлов Нұржан Хакімқұлұлы және мектебіміздің кітапханашысы Зулпыхарова Айша Айдарқызы да қатысып отыр.

I жүргізуші: I кезең. Білгір болсаң, тауып көр! Бұл кезеңде қазақ халқының тағдырына байланысты жазылған әндер мен қазіргі қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайлар мен қазақ халқына тән емес жағымсыз әдеттер қозғалады. Оқушылар өздері таңдаған әннің мағынасын ашып, қай кезеңде, қандай жағдайға байланысты шыққанын және орындаушысы кім екенін табу керек. Алдарыңыздағы ұяшықты таңдау арқылы, тапсырманы аласыздар.

/Ұяшықтың ішіндегі әндер/

1. Сөзі Әбдірахман Асылбеков, әні Әбиірбек Тінәлиев «Желтоқсан желі»
2. Сөзі Ұлықбек Есдәулет, әні Төлеген Мұхамеджанов «Заман-ай»
3. Сөзі Қуаныш Ерғалиұлы Әбиірбек Тінәлиев «Жанайқай»

II жүргізуші: II кезең. «Ойлы болсаң, озып көр!» кезеңін бастаймыз. Бұл кезеңде әр топқа 3 сөз беріледі. Орындары ауысқан әріптерді дұрыс орналастырып, жасырынған сөзді табады және сол сөздердің мағынасын ашады. Алдарыңыздағы ұяшықты таңдау арқылы, тапсырманы аласыздар.

/Ұяшықтың ішіндегі сөздер/

1. ҚАРЛАГ, АЛЖИР, АЛИХАН, МІРЖАҚЫП
2. СОЗАҚ, АШАРШЫЛЫҚ, ГОЛОЩЕКИН, ГЕНОЦИД
3. ҚАЗАҚСТАН, ТӘУЕЛСІЗ, КОНСТИТУЦИЯ, РӘМІЗДЕР

I жүргізуші: III кезең. Жүйрік болсаң, шауып көр! Бұл кезеңде, өзіміздің Отандық фильмдер көрсетіледі. Көрсетілген фильм қалай аталады. Қазақ халқының тарихындағы қай кезеңдерді қамтиды.

/Ұяшықтың ішіндегі кинолар/

1. Қазақ хандығы Алтын тақ
2. Жаужүрек мың бала
3. Құнанбай
4. Балуан шолақ
5. Зұлмат
6. Аллажар

II жүргізуші: IV кезең. Шебер болсаң, салып көр! Бұл кезеңде сәулет өнері туралы ой қозғаймыз. Оңтүстікте – 1217 ескерткіш бар. Оның 1005-і тарихи-археологиялық, 212-і сәулет ескерткіші. Республикалық маңызға ие – 33, жергілікті маңызы бар – 434. Ал, Шымкент шаһарында 20-дан астам ескерткіш бой көтерген. Олардың жергілікті маңызға ие, тарихи және мәдени ескерткіштер санатына кіретіндері – 8.

I жүргізуші: Шым қаламызда орналасқан мәдени ескерткіштер туралы сұрақтар қойылады. Оқушыларымыздың өз қаласы туралы білімдері бәскеге түседі. Ескерткіштердің авторларын табу қажет.

/Ұяшықтың ішіндегі ескерткіштер/

1. Алпамыс батыр ескерткіші
2. Бәйдібек би ескерткіші
3. Жолан батыр ескерткіші
4. Қапал батыр ескерткіші
5. Қабанбай батыр ескерткіші

6. Ақпан батыр ескерткіші
7. Тілеу Айтұлы мен оның ұлы Жолдыаяқтың ескерткіші
8. Сабыр Рахимов ескерткіші
9. Тәуелсіздік «Жер ана» монументі

II жүргізуші: V кезең. Сұрағыма жауап бер! Бұл кезеңде әр команда Жаңа Қазақстан туралы бір сұрақ дайындап келу керек болатын. Сол сұрақтар бір –біріне қойылады. Осы сұрақтың жауабын суретпен байланыстырып салады. Қатысушы топтардың білімдері мен қиялдарын байланыстыру шеберлігі бағаланады. Берілетін уақыт 5 минут

I жүргізуші: Біздің сайыскерлеріміз ойларын тиянақтап, суреттерін салып біткенше, біз көрермендердің білімін тексеріп көрейік.

II жүргізуші: 1. Астанадағы Бәйтеректің биіктігі қанша метр? Жауабы: 97м

2. Моно Лизаның авторы кім? Жауабы: Леонардо да Винчи

3. Жауқазын қай қаланың символы Жауабы: Шымкент

4. Әлемдік деңгейдегі қазақ эстрада әншісі кім? Жауабы Димаш Құдайбергенов

5. Бәйдібек би ескерткішінің биіктігі қанша метр? Жауабы:23 м(4м+9м+10м)

6. Біздің қаламыздың статусы Жауабы: Республикалық, мегаполис

7. Хеопс пирамидасының биіктігі қанша? Жауабы: 147 м

8. Композициялық заңдылықтарды ата? Жауабы: нюанс, статика, ритм, асимметрия, симметрия.

I жүргізуші: Бүгінгі сайысымыздың ең соңғы кезеңі «Мықты болсаң, жеңіп көр!» деп аталатын VI кезеңге де жеттік. Бұл кезеңде оқушыларымыз өздерінің мықты екенін дәлелдейді. Берілетін уақыт 2 минут.

I жүргізуші: Тәуелсіз Қазақстан Республикасы туралы сұрақтарға жауап береді. Барлық топқа сұрақтар таратылады. Сұрақтарға дұрыс және жылдам жауап берген топтың балы жоғары болады.

/Ұяшықтың ішіндегі ескерткіштер/

1. Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? (Т.Әубәкіров)

2. Қазақстан мұнай қоры бойынша әлемде нешінші орында?
(Қазақстан 12-орында. Еліміздің мұнай қоры 30 млрд. баррель)

3. Қазақстан Республикасы құрлықта қандай елдермен шектеседі?
(Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан)

4. Қазақстанның соңғы 4 астанасын ата.
(Орынбор, Қызылорда, Алматы (Верный), Астана)

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранының авторларын ата.
(Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев, Ш.Қалдаяқов)

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік туының авторын ата.
(Ш.Ниязбеков)

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының авторларын ата.
(Ш.Уәлиханов, Ж.Мәлібеков)

8. Қазақстан Республикасының Ата Заңы қашан қабылданды?
(30 тамыз1995ж.)

9. Қазақстан Республикасының Президенті неше жылға сайланады?
(7 жыл)

10. Қазақстан Республикасының төл теңгесі қашан айналымға енді?
(1993 жыл 15 қараша)

II жүргізуші: Бүгінгі сайысымыздың шешуші сәтіне де келіп жеттік. Ендеше қай топтың жеңіске жеткенін анықтайық. Біз топтардың атын атаймыз. Сіздер жеңімпаз деген топқа, қолдарыңыздағы смайликтерді көтеру арқылы дауыс бересіздер

I жүргізуші: Ал, енді сіздердің пікірлеріңізбен тәуелсіз сарапшының пікірі сәйкес келе мекен тексерейік.

II жүргізуші: Құрметті оқушылар, ұстаздар! «Білім биржасы» тақырыбындағы зияткерлік сайысының жеңімпаздарын марапаттауға Балалар көркемсурет мектебінің директоры Оразова Тойаш Балтақарақызын ортаға шақырамыз.

I жүргізуші: Қазақстан бүгінде тәуелсіз ел болып дүние жүзіне танылуда. Тарих бізге тәуелсіздікті тарту етті. Ендігі біздің парымыз – тәуелсіз мемлекетімізді өркениетті елдер қатарына қосу, мәдениеттің биік шыңына көтеру.

II жүргізуші: Бүгінгі біздің бақытты күндеріміз үшін, тарихымызды есімізге түсіріп, ата-бабаларымыздың алдында кішкентай болса да құрмет жасағанымыз – ізетті ұрпақтың парызы деп білемін. Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек, сол қайрат сіздердің бойларыңыздан табылады деп, біз бүгінгі Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған «Білім биржасы» тақырыбындағы зияткерлік сайысымызды аяқтаймыз.

Оқушылар қосылып «Атамекен» әнін орындайды

АЭРОГРАФИЯ ЖӘНЕ ПОП АРТ

Достаев Ф.А.

Шымкент қаласы «Балалар көркемсурет мектебі» ЮНЕСКО Клубының мұғалімі

Мақсаты мен міндеті:

- Бейнелеу өнеріндегі жаңа заманауи «Поп арт» бағытымен таныстыру.
- Аэрография әдісімен балаларды қызықтырып уақыттарын тиымды пайдалануға, түстік үйлесімділігін оның ерекшелігін меңгеріп, попарт әдісімен байланыстыруды меңгерту.

Танымал және танымал мәдениет бейнесін қамтитын көркемдік қозғалыс поп-арт деп аталады. Өткен ғасырдың ортасында пайда болды. Бұл құбылыстың иллюстрациясы комикстер, жарнама, орау және логотиптердің барлық түрлерінде қызмет етуі мүмкін. Поп-өнердің қозғалысының мақсаты - «жоғары» өнер мен «төмен» мәдениеттің шекараларын бұзу.

Поп-өнердің тарихы

Поп-арт 1950 жылы Британияда пайда болды және өте тез мұхит арқылы Америка Құрама Штаттарына таралды. Энди Уорхолдың поп-өнердің негізін қалаушы журналдың табысты иллюзоры болды. Ол өзінің ерекше және ерекше стилі үшін көптеген марапаттарға ие болды және уақыттың ең табысты коммерциялық суретшілерінің бірі болды. 1961 жылы ол поп өнерінің тұжырымдамасын ұсынды, бұл коммерциялық өндіріске арналған картиналар болды. Оларда Кока-Коланың бөтелкелерінен шаңсорғыштар мен гамбургерлерге дейін бар. Ол сондай-ақ атақты өте шырынды және жарқын түстермен боялған.

• 1970-жылдардың басында модернистік қозғалыс аяқталды және көркем нысанға айналды. Бұл қызықты және жаңа, ал поп-өнердің бейнесі кескіндеме, мүсін және коллажға қолданыла бастады. Осы күнге дейін суреттер күшті және тірі болып қала береді, бұл таңғажайып өзіндік және тартымдылықты білдіреді. Осы стильдің негізгі сипаттамалары:

- танымал медиа және өнімдерден танымал бейнелер;
- жарқын баспа немесе суреттер;
- Комикстер мен газет фотосуреттерінің әсерінен жалпақ суреттер;
- әйгілі портреттер немесе комикстер, жарнамалар мен журналдардағы көркем кейіпкерлер.
- 2018 жылы суретшілер мен мүсіншілердің бірнеше көрмесін өткізу жоспарланып отыр:
- Нью-Йорк американдық өнер мұражайының жинағы Парижде Майол мұражайында ұсынылады.
- Лондонда Ұлттық портрет галереясында Майкл Джексонның 60 жылдығына

арналған көрме өтеді.

- Нью-Йорк мұражайында Уитни Энди Уорхолдың жұмысын ретроспективті түрде өткізеді.

- 2018 жылы поп-арт киімінде үлкен рөл ойнайды. Қазірдің өзінде көптеген сән үйлері өздерінің жаңа жинақтарын ұсынды және барлығы дерлік маталарға (кейде бұл суреттер немесе белгішелер) ие. Матаның бояуы толығымен сән стилінде: пияз, шалғам, лимон, тауық және көптеген ашық түсті. Әсіресе, мұндай стиль Dolce & Gabbana, Libertime, Versace тән.



Аэрография — трафаретте аэрографпен (аудармада жеңіл қылқалам - бояуды сығылған ауа арқылы жұқа таратуға арналған құрал) бояу техникасы.[1]

Қолданылатын құрал

Аэрографтың құрылымы автомобиль шеберханаларында барлық бояу жұмыстарында кеңінен қолданылатын бүріккіш пистолеттің құрылымына ұқсас. Құрылғы нәзік жұмысқа арналған, салынатын сызықтар мен қолданылатын бояудың минималды қалыңдығына баса назар аударылады.

Аэрография мүмкіндіктері

Басып шығарылған суреттермен салыстырғанда аэрография кеңістіктің тереңдігін және заттардың көлемін толығымен жеткізе алады. Аэрографияны кез-келген нәрсеге

қолдануға болады. Бұл бөлменің қабырғалары мен төбелері, автокөлік корпусы, жиіектері немесе көлік интерьерінің элементтері, әртүрлі компьютерлік және тұрмыстық техника, жиһаз, ас үй жиынтығы және тағы басқасын қамтиды. Мұның барлығы тәжірибелі шебер үстіне сурет салынатын заттың бетін дұрыс дайындаған кезде ғана мүмкін болады. Аэрографпен салынған суреті бар заттар даралыққа ие болып, өз иесінің қасиеттерін сипаттайды. Аэрография әр түрлі көлемдер, қуыстар немесе қондырмаларға ұқсас жасылынып, имитация ретінде қолданылуы арқылы көліктің визуалды тюнингті ретінде қызмет ете алады. Бұл техниканы көлікке аздап «талғам» беру үшін де, оның бүкіл формасын жаңа түрге келтіру үшін де қолдануға болады.[2]

Тарихы

Бояу бүріккішіне ұқсас алғашқы құрылғыны 1876 жылы Фрэнсис Эдгар Стэнли патенттеді. Бояу бүріккіш құралының өзін 1879 жылы Эбнер Пилер жасаған. Ол акварельді шашырату үшін осы құрылғыны қолдана бастады және қол жетегі бар компрессор көмегімен бүріккіш пистолетті қолданды.

Бұл Эбнер жұмыс істеген зергерлік шеберханадан алынған және қосалқы бөлшектерден құрастырылған керемет құрал еді.

4 жылға созылған әзірлеу жұмыстарынан кейін құрылғының прототипін жасаған американдық өнертапқыш Либерти Уолкап аэрографияға патентті сатып алды. Уолкап өз құрылғысына «Ауа қылқаламы» деген, әйелі ойлап тапқан атауды беріп, патенттеді. Уолкаптың әйелі кейінірек Иллинойс штатында бүкіл әлемнің студенттеріне аэрографияны үйрететін өнер мектебін құрды. 1883 жылы Либерти Уолкаптың Rockford Airbrush деп аталатын еншілес компаниясы құрылды. Компания аэрографиялық әдіспен жасалған өнімдерді жарнамалаумен айналысты. Біртіндеп аэрографияға деген қызығушылық күшейіп, сурет салудың жаңа техникасы жарнама, фотобасылым және полиграфия сияқты салаларға бөлінді.

Кейінгі жылдары автокөлік жарыстарының командалары аэрографиялық техниканы аса жиі қолдана бастады. Автокөліктің үстіне жеңіп алған кубоктардың суреттері, демеушілер туралы мәлімет, автокөліктердің жылдамдығын бейнелейтін жануарлардың бейнелері салынды.





ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫ

Несипбаева Каламкас Айдаралиевна
Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы
Балалар мен жасөспірімдердің туризм және
өлкетану орталығының қосымша білім беру
педагогы «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі

Мекеме атауы:	Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы
Педагогтың аты жөні:	Несипбаева Каламкас Айдаралиевна
Күні:	8.11.2022ж
Сынып 8	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Оқушылардың туған жерін сүйуге, табиғатты аялай және қорғай білуге баулу Оқушыларды туған жер экологиясы туралы нақты хабарды білуге, экологиялық жауапкершілік, туған жерге, туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру Оқушылар қоршаған ортаны қорғауға деген жоғары адамгершілік сезімі мен адамгершілін қалыптастыру
Сабақтың тақырыбы	«Экологиялық сот» көрінісі, ән мен өлеңдер, Слайд
Сабақтың пән аралық байланысы	Экология, Тарих, География

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасып, олардың сабаққа белсенді қатысып отырғанын тексеру Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын білу үшін, интерактивті тақтадан видеомызды тамашалай отырып тақырыпты ашамыз.</p>	<p>Амандасады</p>  <p>Қазақстан экологиясы деп жауап береді.</p>	Видеоролик
<p>Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар!</p>  <p>Қазақстан менің елім, сенің елің. Ол асқар тау болсын, шалқар көл болсын, мейлі тіпті шағылшағыл құм болсын, көңілді сергітер әдемі табиғаты бар, менің- Отаным.</p>	<p>Жүргізуші: Шарапбай Қаракөз Жер ана мен өз анаң егіз екен, Мейірімдері мейлінше теңіз екен. Анам туды, жер ана жетілдірді, Осыны өзім өмірге негіз етем,- деп ақындарымыз жырлаған. Қазір Жер анамыз табиғатқа арналған өлең жырларға кезек берсек.</p> <p>Жүргізуші: Қырғызбай Нұрай Табиғаттың тарылтпайық мөлдір таза тынысын, Пәк табиғат әр жүректің тамылжыған жырысың. Ей, адамзат ақылға сал, қатігездік жасама, кте шек қоятын,</p>	<p>Сабақтың басы</p>	<p>суреттер</p> <p>картамен жұмыс</p> <p>интерактивті тақта</p> <p>қалдық заттар (баклашка, шприц, пластмасса)</p>

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
<p>Әр адамға өзінің туып өскен жері мен суы, аспаны мен тауы ыстық. Табиғат, Жер – АНА. Отан, Туған жер, Атамекен деген құлаққа жылы естіліп, жүрекке шаттық сезімін ұялататын</p>  <p>мазмұны өзі сөздер. Табиғат пен Жер Ананы сүйе білу, оны аялау адамның азаматтық борышы. Үзілісте: Мұғалім сот шешімін шығарғанша, біз жұмбақ шеше тұрайық .</p> <p>Көктемде көгереді, Жазда ырысқа бөленеді. Күзде пісіп марқаяды, Қыста бірден қартаяды. (жер)</p>	<p>, оның тыныс тіршілігіне ат салысатын ғылымның жаңа саласы. Тарихшы: Экология ғылымы табиғат заңдылығының бұзылуын, тепе-теңдіктің сақталуын бақылай отырып, өзгерістеріне дер кезінде шара қолданады. Географ: Экология гректің «ойкос»- үй «логос»- ғылым деген сөзі. Екінші сұрақ: Отанымыз Қазақстанның экологиясы қандай? Экологиялық мәселесі бар ма Географ: Қазақстан ең үлкен Еуразия материгінің ортасында орналасқан. Солтүстікте- Ресей, шығыста - Қытай, Оңтүстікте- Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан елдерімен шекаралас. Астанасы- Астана қаласы. Тұрғындарының саны 16 млн-нан астам. 200үлт өкілдері тұрады. эколог: Экологиялық жағдайына келетін болсақ, қазіргі заманда адамның қоршаған ортамен қарым- қатынасы күрделенді.</p>	<p>Қазақстан экологиясы деп жауап береді.</p>	

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
		<p>Адам санасының өсуі, өнеркәсіптің тез өркендеуі, ғарышты игеру, қоршаған ортадағы тепе -теңдіктің бұзылуына әкеліп соғуда.</p> <p>Бүгінде Қазақстанда экологиялық мәселе өзекті мәселеге айналды.</p> <p>Үшінші сұрақ: Келесі сұрақты тарихшы маманға қойсақ. Экология ғылымының қалыптасуын айтып берсеңіз.</p> <p>экология терминін неміс зоологы Эренст Геккель 1866жылы ұсынды. Экология ғылым ретінде 19 ғасырдың аяғында бөлініп шықты. Экология ғылымының қалыптасуын негізінен үшкезеңге бөліп қарастырамыз.</p> <p>1-кезең: биоэкологиялық зерттеулердің жаппай сипат алуы.</p> <p>2-кезең: Экология ғылымының жеке ғылым ретінде қалыптасу және даму кезеңі. Бұл 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың 70-80жылдарын қамтиды.</p>	

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
	<p>Үзілісте: Мұғалім сот шешімін шығарғанша, біз жұмбақ шеше тұрайық .</p> <p>Көктемде көгереді, Жазда ырысқа бөленеді. Күзде пісіп марқаяды, Қыста бірден қартаяды. (жер)</p> <p>Құрғақ жерде сақтайсың , Онсыз тамақ татпайсың, (тұз) Жұрттың барі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (күн)</p> <p>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң жаның рахат табады. ағаш) Үлкен ,үлкен түйені, Тастапты адам шөгеріп. Өркеші бұлтқа тиеді, Бауыры жатыр көгеріп. (тау)</p> 	<p>3-кезең: Экология ғылымының өрлеу кезеңі Қазіргі заманғы экология бүкіл ғаламдық ғалымдар мен әлеуметтік экономикалық жағдайлар және проблемаларды қамтитын деңгейге жетіп отыр. Жүргізуші: Сұхбаттарыңызға рахмет! Табиғаттың тынысы кең, тілі бай, Ауасының шәрбатын-ай, тұнығы- ай, Бұл- бұл болып, сайрап кетсе, ал бірде Адамдарша сойлейді екен күнім- ай. Табиғаттың құшағы кең шуақты, Көргенім жоқ оған теңдес қуатты. Күйіп- пісіп табиғатта кейде бір, Адамдарша күңіренетін сияқты. Қазір назарларыңызға «Экологиялық сот» көрінісін ұсынамыз.Хатшы: Орындарыңыздан тұрыңыздар, сот келеді!</p>	

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
	<p>Ал ,балалар бізде «табиғатты қорғаймыз»- деп уәде берейікші!</p> <p>Табиғатты қорғау үшін бәріміз, Күресейік, бір- бір ағаш егейік. Текке отырмай жасымыз бен кәріміз, Таза ауа үшін терімізді төгейік!</p> <p>Табиғатты тарих талай сынаған, Бірақ оған қаймықпаған шыдаған. Табиғатта әке болып еңіреп, Табиғат та ана болып жылаған. Айта алмаймын қасиетін мүлде мен, Табиғаттан жаратылғам гүлдегем.</p> 	<p>Сот: Отырыңыздар! Адамнан жәбір көріп, жапа шеккен адамның әрекетінен табиғатына зақым келіп, көптеген табиғат компоненттері құрып кету алдында қалған жәбірленуші Жердің шағымы бойынша іс қозғалды. Істі экология соты жүргізеді. Куәгерлер сотқа жалған куәлік бергендеріңіз үшін Сот: Куәгер Су маманына сөз беріледі .</p> <p>Су маманы: Құрметті сот! Су баға жетпес табиғи байлық. Қазақстан тұщы су жеткіліксіз аймаққа жатады. Ауыз су тапшылығы судың аздығынан емес, оның адам әрекетінен ластанып жарамсыз болуынан Сот: сөз Қорғаушыға беріледі. Қорғаушы: Құрметті сот мүшелері. Адам табиғаттың төл баласы, жас баласы осыны ескерсеңіздер екен.</p>	

